

Мектептегі мерекелер

тәрбие жұмыстарының сценарийлері

Журнал 2006 жылдың қаңтар айынан бастап екі айда бір рет қазақ тілінде шыға бастады.
2011 жылдан бастап ай сайын шығады

Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал)

МАЗМҰНЫ

Ш. Құрымбаева. Ана тілім – айбыным	3
Г. Мажибаева. Ел рәміздері – ел тірегі	5
К. Салықбаева. Менің туып өскен елім!	7
Г. Аринова. Ажарлы Астана.....	10
Р. Жұмағұлова. Біз – батырлар ұрпағымыз.....	14
Ғ. Кулмурзаева. Мен сендермен біргемін.....	15
Б. Таукенова. Әке – өмірдің бастауы.....	19
А. Рамазанов. Мектеп көшбасшысы.....	22
А. Алданазарова. Тілдер апталығы «Полиглот»	26
Г. Қамбарова. Кітап – білім бұлағы	29
М. Нұрғалиева. Мен оқығанды ұнатамын!.....	32
А. Додобасова. Тапқыр достар	34
А. Смагулова. Жолда жүру ережесін сақтаймыз.....	37
Г. Шәдібаева. Құстар – біздің досымыз	40
А. Кеншінбаева. Вeu, Aqtobe.....	42
Г. Қуаныш. Әдемі әдебиет әлемі.....	44

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат РАЙМҚҰЛОВА

«Мектептегі мерекелер:
тәрбие жұмыстарының
сценарийлері» журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс
және ақпарат министрлігінде
қайта тіркеліп, №10966-Ж
куәлігі берілді.

Басылым индексі: 75489

Басуға қол қойылды
15.07. 2024 ж.
Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 326.

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел.: 8 777 194 94 58,
8 777 303 37 67.
Эл.пошта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал <<Print House GERONA>>
баспаханасында басылды.
Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі
30А/3, 124-кеңсе.
Тел.: (727) 250 47 40.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Кіршібаева Райхан –
әл-Фараби атындағы
№145 жалпы білім беретін
мектеп директорының
тәрбие жұмысы жөніндегі
орынбасары,
Алматы қаласы.

**Қоңырбаева Сараш
Сахиқызы** – әл-Фараби
атындағы Қазақ Ұлттық
университетінің аға
оқытушысы, педагогика
ғылымдарының кандидаты.
Алматы қаласы.

**Атабекова Бақытгүл
Ботабекқызы** – PhD,
Абай атындағы Қазақ
Ұлттық педагогикалық
университетінің аға
оқытушысы. Алматы қаласы.

**НАЗАР
АУДАРЫҢЫЗ!**

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде CD дискіге жазып жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөнінзді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.



Ана тілім – айбыным

Мақсаты: оқушылардың ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру. Тілге деген құрмет барлығымыздың бойымызда болу керек екенін ұғындыру. Өз тілін дұрыс меңгеріп, таза сөйлей білуге, ана тілін қастерлеуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: нақыл сөздер, гүлдер, шарлар, буклеттер.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Кіріспе: Құрметті ұстаздар, оқушылар! Бүгін біз сіздердің назарларыңызға «Ана тілім – айбыным» атты мерекелік тәрбие сағатымызды ұсынғалы отырмыз. Ана тілі – халықтың өткен ұрпағын, қазіргі және келешек ұрпағын мәңгілік біріктіретін ең сенімді құрал болып табылады. Ана тіліміз арқылы ғана біз халқымызды, Отанымызды танып білеміз. Біздің ана тіліміз – қазақ тілі. Қазақ тілі – дүниежүзіндегі ең бай, беделді де бейнелі тілдердің бірі.

Өткірдің жүзі,

Кестенің бізі,

Өрнегін сендей сала алмас,- деп ұлы Абай атамыз таңырқап тағзым еткен болса, елбасы

Н. Назарбаев: «Қазақстанның болашағы қазақ тілінде» - деген, олай болса, сендер ұшқыр ойлы, өткір тілді, ана тілінің тұғырын биікке көтеретін еліміздің ұланысыңдар. Сендердің осы ана тіліміздің мәртебесін биікке ұшырататын сұңқары, бәйгенің алдын бермес тұлпары болуларыңа тілектеспін.

Әнұран орындалады.

II. Тақпақтар.

Ана тілім – бала шағым, өркенім,
Ана тілім – болашағым, ертеңім.
Ана тілім – сайын далам, жер, көгім,
Ана тілім – арман, ойым, өрнегім.
Туған тілім – тірлігімнің айғағы,
Тілім барда айтылар сөз ойдағы.
Өссе тілім – мен де бірге өсемін,
Өшсе тілім – мен де бірге өшемін.
Туған тілде сыры терең жаным бар,
Туған тілде әнім менен сәнім бар.

«Анамның тілі» әні орындалады.

III. «Мақал – сөздің мәйегі» дегендей, ендігі кезекті тіл туралы айтылған мақал-мәтелдерге берейік.

Жергілікті жазушы, журналист Ш. Дәрмағамбетовтің «Тіл – тынысың, намысың» афоризмі.

Ана тіліңнің сөнгені,

Ұрпағыңның өлгені.

Тіліңнің өшкені –

Өміріңнің өшкені.

Ана тілің – еркіндігің, теңдігің,

Мәртебені биіктетер елдігің.

Текті сөз – тәуіп,

Тексіз сөз – қауіп.

Тіл – тынысың, жаның,

Тіл – намысың, арың.

Тілің өшсе, сен де бірге өшесің,

Қайтара алмас келер ұрпақ есесін.

IV. 1-көрініс: «Шешендік әлемінде» үш бидің шешендік сөздері.

Сөз таныған жастарға үш бидің біреуі он түрлі сұрақ қояды.

Төле би: Айтсам, он түрлі жұмбағым мынау 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10.

Қазыбек би: Ұлы аға, бұл жұмбақты мен шешіп көрейін:

1 дегеніміз — бірлігі кеткен ел жаман

2 дегеніміз — егесіп өткен ер жаман

3 дегеніміз — үш бұтаққа бөлінген ағайын жаман

4 дегеніміз — төсектен безген жас жаман

5 дегеніміз — белсеніп шапқан жау жаман

6 дегеніміз — асқынып кеткен дау жаман

7 дегеніміз — жесір қалған жас жаман

8 дегеніміз — серпілмеген қайғы жаман

9 дегеніміз — торқалы той, топырақты өлімге бас көрсетпесе сол жаман

10 дегеніміз — оңалмас кәрілікке дауа болмас деген сөзіңіз.

Төле би: Рахмет, дәл тауып шештің. Ал, Әйтеке, халқыңа сен не айтасың?

Әйтеке би: Уа, халайық.

Көсіліп шабар жерің бар,

Ту көтерген елің бар.

Атадан қалған сара жолың бар,

Тіл қадірін білер болсандар!

Жұмбақтар:

Сүйексіз ғып жаратқан,

Жұртты аузына қаратқан. (Тіл)

Қызыл түлкі інінен шықпайды. (Тіл)

О жағы мәрмәр,

Бұ жағы мәрмәр,

Ортасында сандуғаш сарнар. (Тіспен тіл)

Өңшең тістің арасында бір патша. (Тіл)

Сүйектен қаланған қорғанда

Сүйексіз күзетші тұрады. (Тіл)

Әрі сүйексіз, әрі тиексіз. (Тіл)

2-көрініс: «Сөз қадірі».

Автор: Өте ерте заманда бір қадірлі би, шешен қария дүниеден көз жұмарында баласына айтқан екен.

Әкесі: «Балам, мен көп ұзамай дүние салам, «әкем қазына қалдырмады» деп өкпелеме. Ел ішінде қалдырып бара жатқан асыл мұрам бар. Соны іздеп тап, қадірле, қастерле.

Автор: Мұны естіген бала әке мұрасын іздеймін деп табанынан таусылып, таба алмайды. Ойы сол жаққа кеткен бала бір күні ел ішіндегі абзал қарияға келеді.

Бала: Ата, әкем маған қандай қазына қалдырды? Мен іздеп таба алмадым. Мүмкін сіз білетін шығарсыз, айтыңызшы.

Қария: Әкеңнің сөзі рас, балам. Оның саған қалдырған мұрасы — тіл. Ол шешен адам еді ғой. Бәріміз сөйлеуді сенің әкеңнен үйрендік. Тілден қымбат қазына, байлық жоқ.

Автор: Осылай аталы сөздің шешуін айтыпты.

Ұлы ақын-жазушыларымыздың болашақ ұрпаққа аманаттап кеткен қанатты сөздерін тыңдайық.

М. Әуезов: «Кімде-кім қазіргі уақытта ана тілін, өзінің әдебиетін сыйламаса, оны сауатты, мәдениетті адам деп санауға болмайды».

Ғабит Мүсірепов: «Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді».

Ғабиден Мұстафин: «Тіл қаруы — сөз, сөз қаруы — ой. Ақылды ой, алғыр сөз — адамның ең жоғарғы қасиеті».

Сәбит Мұқанов: «Сөз — халықтың қымбаттан қымбат кені».

Ахмет Жұбанов: «Әр халықтың ана тілі — білімнің кілті. Біздің жастарымыз ана тіліне жетік, білімді, мәдениетті болсын»

Бауыржан Момышұлы: «Ана тілімізді ұмыту — бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту».

Өнер алды — қызыл тіл,

Ой толғаған сырлы тіл.

Қалауын тапса қар жанар,

Тас тілетін алмас тіл.

Қымбат маған ана тілім, бал тілім,

Қымбат маған дана тілім, ар тілім.

Ақ сүтімен бірге сіңген бойыма

Ана тілім — ардақ тұтар алтыным.

Біліңіз!

Жақсы біліңіз!

Ұстаңыз есте ұдайы.

Қашан да

Ана тіліміз —

Қазақтың басты құдайы.

Ана тілім — бәрін сөйлер шежірем
Тілсіз нені білдіре алам, не білем?!
О адамдар, қадіріне жетіндер,
Ана тілің — анаң, сыйлап өтіндер!
«Дауға салса алмастай қиған,
Сезімге салса қызғандай қалқыған.
Ойға салса қорғасындай балқыған,
Өмірдің кез келген орайында әрі
қару, әрі қалқан болған. Әрі байырғы,
әрі мәңгі жас оты да ойнақы Ана тіліміз!» - деп Елбасымыз айтқандай, отты да ойнақы Ана тілімізді қастерлей білейік, деп бүгінгі тәрбие сағатымызды қорытындылаймыз.

Шамшагүл ҚҰРЫМБАЕВА,
№19 мектептің бастауыш сынып
мұғалімі.

Жақсықылыш кенті,
Арал ауданы,
Қызылорда облысы.

Ел рәміздері – ел тірегі

Мақсаты:

1. Оқушыларға қазақ халқының рәміздері туралы мағлұмат беру;

2. Оқушыларды Отанын, халқын сүйуге, ержүректілікке, азаматтыққа, патриоттық сезімге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: слайдтар, шарлар, суреттер.

Барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Мұғалімнің кіріспе сөзі:

1-оқушы: Әр елдің өзіндік ерекшеліктері, рәміздері болады. Біздің елдің де өз рәміздері бар. 4 маусым — рәміздер күні. Сол ерекше күнді атап өту үшін бүгін біз тәрбиелік шарамызды өткіземіз.

2-оқушы: Қ. Аманжолов.

Қазақстан дейтін менің бар елім.

Жатыр алып жарты дүние әлемін!

Бұл даланы анам жаспен суарған,

Бұл далада атам қолға ту алған,

Бұл далада жылап келіп, уанған
Бұл даланы көріп алғаш қуанған
Бұл далада өскен жанда жоқ арман!

«Алға, қазақ жігіттері» әні орындалады.

«Биыл» биі орындалады.

«Сандар сыр шертеді»

3-оқушы: 1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан Республикасы Жоғарғы сессиясы «Тәуелсіз демократиялық және құқықтық мемлекет» деп жариялады.

4-оқушы: 1992 жылы 4 маусымда жаңа мемлекеттік рәміздер бекітілді.

5-оқушы: 1993 жылы 15 қарашада Қазақстан Республикасының ұлттық ақшасы — теңге айналымға енді.

«Қазақ елі» әні орындалады.

6-оқушы: 1995 жылы 28 қаңтарында тәуелсіз ҚР-ның тұңғыш «Ата Заңы» қабылданды.

7-оқушы: 1998 жылы 10 маусымда жаңа астананың ресми тұсаукесері болды. Қала Есіл өзенінің оң жағалауында Сарыарқаның солтүстік бөлігінде орналасқан.

8-оқушы:

Бәйтеректің басына сен шықтың ба?

Сарыарқаның саф ауасын жұттың ба?

Өзегінді жарып аппақ бір сезім,
Өз елінің ұлылығын ұқтың ба?

9-оқушы:

Төгеді Есіл төңірегіне өмірлі ән,
Өз Астанаң өз қолыңмен соғылған.
Енді, қазақ, бір-біріңді аяла!

Түбі бірге, түп қазыққа шоғырлан!
«Астана» әні орындалады.

Көрініс: Тәуелсіздік ұрандары.

Викториналық сұрақтар:

1. ҚР-ның Мемлекеттік рәмізі қай жылы бекітілді? (4 маусым 1992 ж.)

2. ҚР-ның астанасы қай қала? (Астана)

3. Астананың бұрынғы аттары қандай? (Целиноград, Ақмола)

4. Қандай мемлекеттік рәміздерді білесіңдер? (Әнұран, ту, елтаңба)

5. Мемлекеттік туды не белгіленген? (Күннің көзі, қыран, ою)

6. ҚР-ның туының түсі нені білдіреді? (Ашық аспан, бейбітшілік)

7. Мемлекеттік рәміздердің авторларын білесіңдер ме? (Әнұран: Н.Ә. Назарбаев, Ш. Қалдаяқов, Ж. Нәжімеденов, елтаңба: Ш. Уәлиханов, Ж. Мәлібеков, ту: Ш. Ниязбеков)

8. ҚР-ның ұшқыштарын атаңдар? (Т. Әубәкіров, Т. Мұсабаев)

18-оқушы: Төле би сөзімен сынып сағатымызды аяқтаймыз.

Уа, халқым, сөз қадірін білесің.

Жаңбыр жаумаса, жер жетім,

Басшысы болмаса, ел жетім.

Көсіле шабар жерім бар,

Тау көтерген елім бар.

Қол бастайтын ерім бар,

Атадан қалған сара жолым бар.

«Көк тудың желбірегені» әні хормен орындалады.

Гүлнар МАЖИБАЕВА,

№4 Күршім орта мектебінің бастауыш

сынып мұғалімі.

Күршім ауданы,

Шығыс Қазақстан облысы.

Менің, туып өскен елім!



**Кенжегүл
САЛЫҚБАЕВА,
№10 ЖББОМ
бастауыш сынып
мұғалімі.
Ақтөбе қаласы,
Ақтөбе облысы.**

Мақсаты:

1. Оқушыларды өз Отанын, елін, туған жерін сүйуге және ел рәміздерін қастерлеуге үйрету;

2. Нағыз ұлтжанды, рухы мықты азаматтық қасиеттерін дамыту;

3. Еліне, жеріне, ұлтына деген патриоттық сезімге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, мемлекеттік нышандар бейнеленген плакаттар, авторларының суреті, Ақтөбе қаласы туралы бейнетаспа, гүлдер, шарлар, Отан туралы нақыл сөздер, еліміз туралы суреттер.

Сабақтың барысы:

1. «Танысу» аялдамасы. Глобусты бір-біріне бергенде өзінің аты-жөнін және немен айналысатынын айтып, келесі оқушыға береді. Глобусты ұстап айтуды мұғалім өзінен бастайды.

Сол кезде оқушылардың Жер шарын қалай ұстағанға мән береді. Глобус мұғалімге қайтып келгенде, «Біз жерде өмір сүреміз. Бәріміз ата-ана үшін, оқу үшін, болашақ үшін жауап береміз, ал Жер үшін жауапкерлікті сезінеміз бе? Оның өсімдігімен,

топырағымен, ауасымен, қалаларымен не болып жатқанын білеміз бе?

«Бізге не ортақ?» деген сұраққа жауап берейікші.

- Бізге су, ауа, туған жер, Отан, мектеп, ауыл ортақ.

- Дұрыс айтасындар.

Кіндік қаның тамып, туып-өскен жерің, әрине, бәрінен де артық және біздің өмірімізде туған өлке ретінде үлкен орын алады. Әсіресе, туған ауылың. «Ауылым — алтын бесігім», - деп ақын-жазушыларымыз жырға қосқан. Туған жер — адам өмірінде киелі орын алады. Нақты осы жер оны елімен, өткенмен және болашақпен байланыстырады. Міне, сондықтан да тіпті балалық шақтан бастап-ақ адамда Отанға деген махаббат сезімі оянады. Әрбіріміз үшін Отан ошақ басынан басталады: туған жер, туған көше, туған қала. Өз елім деп, өз жерім деп тебіренбейтін адам бар ма, сірә! Жок! Олай болуы мүмкін де емес. Өйткені сен «Туған жер» деп соққан жүректерде мәңгі орын алған қасиетті даласың.

- Балалар, бүгінгі біздің сынып сағатымыздың мақсаты — Отанымыз туралы, соның ішінде Ақтөбе туралы көбірек білу, сендердің білімдерінді тексеру және де осы Отанымызды сүйу, қастерлеу, құрметтеу.

1-оқушы:

Keң байтақ көз жетпейтін жерім менің,

Taулы орман, жасыл жайлау, көлім менің,

Бүгінде бар әлемге даңқын жетті,
Тәуелсіз Қазақстан — елім менің.

Мұғалім: Ал, балалар, Отан деген не? Оны қалай түсінесіңдер?

Оқушылар: Отан дегеніміз — адамның туып-өскен жері, туған-туысқандарымен, жақындарымен бірге тұратын атамекені. Қазақ елінде тұратын адамдардың Отаны — Қазақстан Республикасы.

- Балалар, біз қай ұлтпыз?
- Қазақпыз. (*Сурет көрсету*)
- Біздің мемлекетіміз қалай аталады?
- Қазақстан.

2-оқушы:

Қазақстан — қасиетті мекенім,
Өзінді жырлап мәңгілікке өтермін.
Елім үшін, жерім үшін жан пидә,
Республикам, Отаным, Атамекенім.

3-оқушы:

Республикам — ұлан-байтақ жер болды,

Республикам — тәуелсіз ел болды.
Республикам — Республика атанып,
Халқымыздың көңілдері кең болды.

Қазақстан — қазақ халқының атамекені, ұлы ордасы, киелі ошағы.

Қазақстан Республикасы — Еуразияның орталық бөлігінде орналасқан тәуелсіз мемлекет. Аумағы 2724 мың шаршы шақырым жерді алып жатыр. Елімізде 14 облыс, 87 қала бар. (*Суреттерін атап көрсету*)

1991 жылы Тәуелсіз ел атанып, аяғынан тәй-тәй басқан республикамыз бен оның халқы үшін ерекше жыл болды. Көп кешікпей 1992 жылдың 4 маусымында республикамызда қазақ елінің елдігін танытар ҚР-ның Рәміздері қабылданды.

- ҚР рәміздеріне не жатады?

- Елтаңба, ту, әнұран.

- Ендеше осы рәміздердің авторларына тоқталайық.

Шығармашылық тапсырма:

1-топ: Әнұранның авторлары, әнұранды қай уақытта орындайды, алғаш рет қашан орындалды?

2-топ: Елтаңбаның авторы, елтаңбада не бейнеленген?

3-топ: Еліміздің туының авторы, туда не бейнеленген?

Отан туралы тақпақ білетіндеріміз бар ма?

4-оқушы:

Қатар шапқан қос тұлпар,
Ай астында қазақ үй.

Қалықтаған жас сұңқар,
Шарықтаған таза күй...

Бұл — таңбасы елімнің,
Елдігімнің белгісі.

Мұнда да бар ерлігім,
Мұнда да бар жер күші.

Қара шаңырақ — ел күні,
Асқақтатып тұр мұны.

Елтаңбасы — елдігім,
Елдің тыныш тірлігі.

5-оқушы:

Айнымайды аспаннан,
Біздің тудың бояуы.

Оны халық қашанда
Биікке іліп қояды.

Көк аспанда — алтын күн,
Көк аспанда — жас қыран.

Естілгендей біздің үн,
Сол ғарыштың астынан.

Туымызға жас туған,
Бір қарамай өтпейміз.

Сол көк тудың астында
Көгереміз, көктейміз.

«Көк тудың желбірегені» әні орындалады.

Хормен:

ҚАЗАҚСТАН: Туымен тұғырлы,
Елтаңбасымен еңселі,
Әнұранымен — айбатты ел!

Ел нышандары — елімнің мақтанышы.

- Балалар, біз осы Қазақстан Республикасының қай облыста тұрып жатырмыз?

- Ақтөбе

- Балалар, сендердің білімдерінді тексеру үшін тақтада жасырылған сұрақтарға жауап береміз.

1. Біз қай облыста тұрамыз?

2. Біздің қаламызда қандай заводтар бар?

3. Біздің қаламыз қандай шаруашылықпен айналысады?

4. Ақтөбе өңірінде қандай қасиетті жерлер бар?

5. Биыл біздің қаламызға неше жыл толды?

6. Қаламыз қалай аталады?

7. Ақтөбе өңірі қандай пайдалы қазбаларға бай?

Ақтөбе туралы бейнежазба тамашалау.

Әссе жазу.

1-топ: «Туған өлкеңе қандай көмек берер едің?»

2-топ: «Туған жерің бай болу үшін не істер едің?»

3-топ: «Туған өлкенді басқа елге, басқа мемлекетке қалай таныстырар едің?»

4-топ: «Туған өлкенің табиғатын қалай қорғар едіңдер?»

- Жарайсындар, балалар.

- Балалар, менің қолымдағы не нәрсе екенін білесіндер ме?

- Глобус.

- Дұрыс. Балалар, мынау біздің тұрып жатқан жер шарымыз. Мұнда қандай ұлттар өмір сүрсе де, біздің бір ғана туған жеріміз, Отанымыз бар. Ол — Қазақстан.

- Енді балалар, әрқайсыңа жүрекше беремін. Сол жүрекшеге сендер туған жер, Отан, ынтымақ, достық, отбасы, сыйластық туралы мақал-мәтелдерді жазып, мына глобусқа жабыстырамыз. Уақытымыз шектеулі мына құмсағатты пайдалана отырып, осы 1 минут ішінде мақал-мәтелді жазып, жабыстырып үлгеруіміз керек.

- Сонда біздің мақсатымыз қандай да бір өзге ұлт өкілдері болмасын өз Отанымызды сүйе отырып, бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүру керек.

- Қане балалар, бәріміз орнымыздан тұрып, шеңбер құрамыз. Менің қолымдағы лентаны пайдалана отырып, саусағымызға айналдыра ораймыз. Кезек пе кезек орап, бір-бірімізге жалғастырамыз.

- Міне балалар, қараңдаршы, біз бір-бірімізбен байланыстымыз. Сол сияқты бізде Отанымызбен байланыстымыз.

6-оқушы:

Мен оның күнін сүйем, түнін сүйем,
Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем.

Мен оның қасиетті тілін сүйем,

Мен оның құдіретті үнін сүйем.

Отан! Отан!

Бәрінен биік екен,

Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем, - деп
М. Мақатаев ағамыз жырлағандай,

Отанымызды мәңгілікке сүйіп өтейік.

Сонымен қорыта келгенде, өзіміздің жерімізді, рәміздерімізді, Отанымызды құрметтеуге және патриоттық сезімімізді нығайта түсуге тырысайық. Туған жер деген киелі ұғымды әр қазақстандық құрмет тұтуға, оны қастерлеуге міндетті екенін ұмытпайық. «Ел ерімен мақтанар, жер кенімен мақтанар» деген, елімізді қорғар ер-азамат-

тар, асыл ұрпақтар, тәрбиелі ұл-қыздар молая берсін.

«Ақтөбем» әні хормен орындалады.

- Ал, балалар, осы тақырыпты қорытындылай келе, бұрын білетінім, осы сабақтан білгенім және болашақта нені білгің келеді? Деген сұраққа жауап беріп, бір-екі ауыз пікірлерінді айтып кетсеңдер.

«Менің туып өскен елім» атты тәрбие сағатына қатысқандарыңызға рахмет.

Ажарлы Астана

Мақсаты: оқушыларды Елордасы Астана қаласымен кеңінен таныстыру. Тәуелсіз елдің 33 жыл ішінде жеткен жетістіктері жайлы әңгімелей отырып, өз еліне, жеріне деген сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ояту. Еліміздің болашағы зор, келешегі кемелді ел болу мақсатында аянбай еңбек етіп, адал болуға тәрбиелеу. Ой-өрісін, сөйлеу мәдениетін және білімге деген құштарлықтарын арттыру.

Түрі: ауызша журнал

Көрнекіліктер: АКТ, Астана суреттері, Астана шежіресі

Барысы:

1. Ұйымдастыру;
2. Кіріспе. Астана шежіресі;
3. «Астана ажары» сырттай саяхат;
4. «Астана ақын жырында» поэзия минуты;
5. «Білгенге маржан» викториналық сұрақтар;
6. «Дыбыстар сөйлейді» стратегиясы.

Мұғалім: Құрметті ұстаздар және оқушылар! «Ажарлы Астана» атты тәрбие сағатымызды бастауға рұқсат етіңіздер.

1. Жаңа Астана шежіресі.

1994 жыл, 6 шілде — Жоғарғы Кеңес астананы Ақмолаға көшіру туралы шешім қабылдады.

1995 жыл, 15 қыркүйек — Президенттің астананы Ақмолаға көшіру туралы Жарлығы шықты.

1997 жыл, желтоқсан — Парламент, Үкімет Ақмола қаласына көшірілді.

1998 жыл, 6 мамыр — Ақмола қаласын Астана деп атауға жарлық шығарды.

1998 жыл, 10 маусым — жаңа Астананың тұсау кесері болды.

2. «Астана ажары» сырттай саяхат «Бәйтерек» монументі

1 оқушы:

«Астана — Бәйтерек» 2002 жылы, қарашада іске қосылды. Минутына

90 м жылдамдықпен көтеріле алатын жүрдек лифтілер орналасқан. Биіктігі 105 метрлік монументті салмағы 1200 тонналық 500 бағана-тіреу көтеріп тұр. Конструкцияның ұшар басы диаметрі 22 м шыны шармен аяқталады. Оның қалыңдығы 5 см, соққыға берік металл қосылған үш қабатты итальян шынысы пайдаланылған. Шар бетінің ауданы 1500 шаршы метр. 97 метрлік биіктігінен Қазақстанның жаңа тарихи шежіресі басталады. 1997 жылы мемлекеттің жаңа астанасы жарияланған болатын, сондықтан оның биіктігі де «97» санына сәйкес келтірілген.

«Аялы алақан» композициясы.

Қазақстан халқының бейбітшілік пен туған үйіндегі тыныштығына деген қамқор көңіл белгісі — Қазақстан Республикасының тұңғыш президентінің оң қолының табы тиген «Аялы алақан» композициясы осында орналасқан. Бұл «Бата» композициясы.

«Ақорда»

2 оқушы:

Ол Есіл өзенінің солтүстік жағалауында орналасқан. ҚР Президентінің жаңа Сарайының тұсаукесері 2004 жылы 24 желтоқсанда ресми түрде өтті. Ғимараттың ұшар басына дейінгі жалпы биіктігі 80 м. Жер бетіндегі резиденция ғимараты 5 қабатты, бірінші қабатының биіктігі 10 м, ал қалғандары 5 метрден. Бірінші қабатында Президенттің БАҚ өкілдерімен кездесулер, пресс-конференциялар өткізуге арналған залдар, екінші қабатында кеңсе бөлмелері, үшінші және төртінші қабатында кітапхана мен бірнеше зал орналасқан. Резиденцияда ел Пре-

зиденті жоғары мәртебелі шетел қонақтарын, БАҚ өкілдерін қабылдап, мемлекеттік наградаларды тапсырады.

«Хан шатыр»

3-оқушы:

«Хан шатыр» сауда-сауық орталығының жалпы аумағы 50930 шаршы метр, оның шатырлы бөлігінің жер деңгейінен биіктігі 102 м, ал ұшар басы 150 м. «Хан шатыр» сауда-сауық орталығы күн сәулесі түсетін әрі ішкі кеңістігінде микроклиматты сақтауды қамтамасыз ететін үшбұрыш іспетті темір дінгек-тіреуге тартылған желілі торкөз құрылымды және жарық өткізгіш материалмен жабылған. «Хан шатыр» көлемі 12 деңгейлі көп ярусты конус тәрізді. Сатыланып жоғары қарай өрлеген басқышты бастырма — ярустарда тропиктік бақтар отырғызылған. Толқынды бассейндер, жағажайлар, жан-жағын тамашалап көруге болады. Бастырмалардың астыңғы жағында дәмхана, мейрамхана, супермаркет, жаттығу залдары орналасқан.

«Думан» көңіл көтеру орталығы.

4-оқушы:

«Думан» кешені, көңіл көтеру орталығы. Кешен арнаулы су өткізбейтін бетоннан көтерілген. Жалпы ауданы 9 мың шаршы метр. Құрылыс аумағында орналасқан үлкен бас аквариумнен және он бір кіші аквариумнен тұрады. Бас аквариумның түбінен, келушілердің мұхит түбінде аса жайлы «саяхат» жасауына мүмкіндік беретін жылжымалы жолшамен жабдықталған акрил әйнегінен жасалған 70 м туннель өтеді. «Думан» көңіл көтеру орталығының океанариумы — ТМД-да алғашқы

және жалғыз осындай орын. Бұл мұхиттың 3 мың шақырымнан астам қашықтықта жатқан әлемдегі бірден-бір океанариум. Сыйымдылығы 3,8 млн л суға тең, мұнда жер шарының әр алуан түкпірлерінен әкелінген теңіз фаунасының 200-ден аса түрін қамтитын 2 мыңдай теңіз «тұрғындары» тіршілік етеді. «Думан» көңіл көтеру орталығының океанариумы, оның тамаша ауасымен балалардың әр түрлі аяқ-қол кемістігін, ДЦП, даун синдромы, сөйлеу кемістігі т.б. ауруларын емдеуге болатын бірден-бір орын. 2006 жылы 18 қазанда Республика күні қарсаңында океанариумде 4 жабық океанариумнен тұратын «Қазақстан балықтары» көрме зонасы ашылды. «Думан» көңіл көтеру орталығының 2-кезекті нысаны. Сағатына 197 адамды жібере алады. Жоғары сыйымдылығы 2360 адам.

«Астана Арена» стадионы.

5-оқушы:

«Астана-Арена» стадионы Қазақстанның басқаласы Астанада орналасқан. Бұл стадион 2009 жылы 3 шілдеде Әлемдегі қозғалмалы шатыры бар алты стадионның құрамына кіреді. Стадион бастапқыда, ресми ашылу кү-

нінде қазақтың атақты күрескері Қажымұқан Мұңайтпасұлының құрметіне Қажымұқан Стадионы деп аталған. Кейін стадион оның ағымдағы Астана Арена атауын алды. Стадион футбол, күрес, дзюдо, бокс басқа да спорт іс-шараларына бейімделген. Арена 33 000 орындық екі деңгейлі құрылымы бар ірі амфитеатр ретінде ойластырылған. 16 000 орындық төменгі терассалар, қоршаған және 17 000 орындық жоғарғы жағдай, батыс және шығыс жағына ілулі. Жылжымалы шатыры 20 минутта ашылып-жабылады.

«ҚазМұнайГаз» әкімшілік ғимараты.

6-оқушы:

«ҚазМұнайГаз» әкімшілік ғимараты Қазақстанның ең үлкен әкімшілік ғимараты. Ғимараттың жалпы ауданы 47 мыңнан астам шаршы метр. Оның әрбір канаты 14 қабаттан тұрады, ал ғимараттың биіктігі — 85 м. Ғимарат қазіргі заманғы жаңа құрылыс тенденцияларымен жасалған — гранит, мәрмәр, әйнек. Мұнда «ҚазТрансОйл» АҚ, Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі орналасқан. Ғимаратты 2002 ж. «Базис — А» астаналық құрылыс корпорациясы тұрғызды.



«Астаналық цирк ғимараты»**7-оқушы:**

Астаналық цирктің ғимараты ұшатын тәрелкеге ұқсатылып соңғы құрылыс технологияларымен салынған. Цирк ғимаратының ауданы 26,5 шаршы метр. Ішкі көрініс манежінен басқа жаттығу залы, шаруашылық заттарға арналған кеңсе, 4 қабаттық артистер мен гастрольде жүрген адамдарға арналған қонақ үйі, 4 асханасы бар. Сонымен қатар өнер көрсететін цирк артистерінің жабайы аңдарды шығару барысында көрермендердің қауіпсіздік ережелері сақталған.

«Шахматшылар шағынбағы»**8-оқушы:**

«Шахматшылар шағынбағы», ауданы — 0,86 га, көгал ауданы — 7900 шаршы метр, жаяу соқпақ, алаңша, өтпе жолдар ауданы — 700 шаршы метр. Гүлзардың орталығында шахмат тақтасы түрінде түрлі түсті тақтайтастар төселіп, шахмат мүсіндері қойылған. Мұнда қала тұрғындары шахмат ойнайды, турнирлер өтіп тұрады. Жобада ұсақ жапырақты қарағаш пен өсімдіктен өрілген үш композиция көзделген. Гүлзарға 131 түрлі ағаш, 22 түп бұта егіліп, 29 шаршы метр ақ қайың, сібір алмасы, шырша, қарағай, арша, бадам, сәмбітал, жұпаргүл сияқты ағаштар мен хош иісті өсімдіктерден шарбақ жасалған.

3. «Астана — ақын жырында» өлең шумақтарын оқу;

4. «Білгенге маржан» викториналық сұрақтар

1. «Бәйтерек» монументі ненің символы (Астана)

2. Астана тұрғындарының саны қанша? (1 458 000 адам)

3. Астанадағы жаңа көпірдің ұзындығы неше метр? (214 м)

4. Жаңа Астананың тұсау кесері қашан болды? (1998 жыл, 10 маусым)

5. 2009 жылы 3 шілдеде ресми түрде ашылған стадион қалай аталады? (Астана Арена)

6. 97 саны неге тең? (Бәйтеректің биіктігіне)

7. Жаңа көпірдің атауы (Сарыарқа)

8. «Думан» көңіл көтеру орталығының жалпы ауданы қанша? (9 мың шаршы метр)

9. Президент резиденциясы қай жерде орналасқан? (Есіл өзенінің солтүстік жағалауында)

10. Астанадағы басты қатынас жолы қалай аталады? (Республика даңғылы)

5. «Дыбыстар сөйлейді» стратегиясы

Оқушылар 2 топқа бөлініп, «Ажарлы, ару Астана» тақырыбына сөйлемдер құрастырады.

Әр топ өз жұмыстарын қорғайды.

Мұғалім:

Сән берген Сарыарқадай гүл өңірге, Жайнаған Отанымның жүрегінде.

Астана — бақ ошағым, түп қазығым, Айналған бар қазақтың тірегіне дей келе, бүгінгі «Ажарлы Астана» атты тәрбие сағатымызды жабық деп жариялаймын. Назарларыңызға рахмет!

Гүлдана Келсінбекқызы АРИНОВА,
Амангелді атындағы негізгі мектептің
бастауыш сынып мұғалімі.

Ұлан ауданы,
Шығыс Қазақстан облысы.

Біз – батырлар ұрпағымыз

Ақтөбе қаласындағы «Қалалық орталықтандырылған кітапхана жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне қарасты №5 С.Я. Маршак атындағы қалалық балалар кітапханасының ұйымдастыруымен 9 мамыр – Жеңіс күніне арналған «Біз – батырлар ұрпағымыз» атты патриоттық мәнерлеп оқу сайысы өтті. Шараға серіктес №15 Ілияс Есенберлин атындағы орта мектептің оқырмандары – Бөгенбаева Іңкәр, Қойбағарова Айна, №33 қазақ орта жалпы білім беру мектебінің оқырмандары – Амангелді Іңкәр, Тұрғанқызы Айару және №12 орта мектебінің оқырмандары – Ізеш Айару, Байғали Нұртай қатысты. Оқырмандар Бауржан Момышұлы, Нұрпейіс Байғанин және Мұқағали Мақатаевтың және тағы басқа ұлы ақын-жазушыларымыздың туындыларын мәнеріне келтіре оқып, таңдап алығына өлең шумақтарының мағынасы туралы мәлімет беріп кетті. Сайысқа қатысушылар қосымша қойылған викториналық сауалдарға жауап берді. Сонымен бірге бейнебаян арқылы жасырылған сауалдарға да, тез, жылдап жауаптарын беріп отырды. Шара барысында Оразғали Мирас пен Нұрланұлы Алишер домбырамен терме орындап, Нұрлыбекқызы Гүлбақыт күмбірлеген күйімен сайыскерлердің көңілдерін көтерді. «Біз – батырлар ұрпағымыз» атты кітап көрмесін кітапхана қызметкері Аяжан Біршілік библиографиялық шолу жасап танс-

тырды. Көрмеде ұлы батыр – Қасым Қайсеновтың «Жас партизан», Бауыржан Момышұлының «Мәскеу үшін шайқас», Рақымжан Қошқарбаев, Талғат Бегелдинов; Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, ұшқыш анамыз – Хиуаз Доспанова туралы ақпараттар және фотоальбомдар, бабаларымыздың кітаптары болды. Әділ қазы алқалары №15 Ілияс Есенберлин атындағы орта мектептің кітапхана меңгерушісі Жаксыбеке Қалиева және №12 мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Хамет Жадыра Тілемісқызы 1-орынды оқырманымыз Тұрғанқызы Айаруға, 2-орынды Амангелді Іңкәрға, 3-орынды Ізеш Айаруға берді. Елдің қорғаны болған батырларымызды, есімін өшірмей құрметтеп, еліміздің патриоты бола біліңіздер деп сөзін қорытындылады. Шараға серіктес мектептердің кітапхана мамандары – Гүлнар Жармұханова және Ақтолқын Садақбаевалар қатысты. Белсенді қатысқан оқырмандарды кітапхана меңгерушісі Ақжібек Кеншінбаева Алғыс хаттармен марапаттап, кішігірім сыйлықтар тарту етті. «Отан үшін күрес – ерге тиген үлес» дегендей. Өз жеріміз, Отанымызды қорғай білейік!

**Раушан Қартбайқызы
ЖҰМАҒҰЛОВА,**

**№5 С.Я. Маршак атындағы қалалық
балалар
кітапханасының кітапханашысы.
Ақтөбе қаласы.**

Мен сендермен біргемін...

Сабақтың мақсаты:

- Төлеген Айбергеновтің өмірімен таныстыру, шығармашылық жолынан мәліметтер беру, ақын поэзиясының халыққа кең таралуының мәнін, өміршендігінің сырын түсіндіру, сезіндіру;

- Оқушылардың өлеңге деген ынтасын арттыру, көркемсөз оқу шеберлігін, ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру;

- Ақын өлеңдері арқылы шындықты, сұлулықты қадірлей білуге, табиғатты аялауға, Отанды сүйуге, адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: жыр кеші.

Сабақтың әдісі: тәрбиелеу мен оқытудың жаңа технологиясы бойынша жыр кешін өткізу.

Көрнекілігі: интерактивті тақтада слайдтар, Т. Айбергеновтің суреттері, кітаптары.

Өткізілу барысы:

Ұйымдастыру. «Бәрі есімде» хабарынан бейнефильмнен үзінді көрсету.

I. Ақ жаңбырлар тоздырған тау сияқты.

Жүргізуші:

Өле берсін күншілдер күйігінде.

Өз ғасырым өзімнің иінімде,

Ақ жаңбырлар тоздырған тау сияқты,

Мен өлемін өзімнің биігімде, - деп жырлаған ақын Төлеген Айбергенов 1937 жылы 8 наурызда Қарақалпақ елінің Қоңырат деген жерінде дүниеге келген. 1959 жылы Ташкенттің Низами атындағы педагогика институты-

ның қазақ тілі мен әдебиеті факультетін бітіреді. 1959-1962 ж. Қоңырат ауданындағы орта мектепте мұғалім, 1962-1965 жылдары сол кездегі Шымкент облысының Сарыағаш ауданындағы кешкі жастар мектебінде директор, 1965 жылдан Қазақстан Жазушылар Одағы жанындағы әдебиетті насихаттау бюросында қызмет етеді. Т. Айбергеновтің өлеңдері республикалық баспасөзде 1957 жылдан жарияланды. Туған жерге деген албырт сағыныш пен мөлдір махаббатқа толы бір топ өлеңдері 1961 жылы шыққан «Жас дәурен» атты топтама жинақта басылды. Отанға, туған елге деген сүйіспеншілігін, замандастарымыздың рухани сезім байлығын, ізгі тілеу, ақ ниетін жарқырата ашқан, қазақ поэзиясында өзіндік жаңа ырғақ, тегеурінді екпін әкелген поэтикалық жыр кітаптары — «Арман сапары» (1963 ж.), «Өмірге саяхат» (1965 ж.), «Құмдағы мұнаралар» (1968 ж.), «Мен саған ғашық едім» (1970 ж.), «Аманат» (1975 ж.), «Бір тойым бар» (1981 ж.), балаларға арналған «Бақшаға саяхат» сурет-кітапшасы (1985 ж.) жарық көрді. Сондай-ақ орыс тілінде «Мир созвездья» (1987 ж.) деген атпен таңдамалы өлеңдері аударылып басылды. Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты (1974 ж.) қайтыс болғаннан кейін берілді. 1997 жылы ақынның «Таңдамалы өлеңдер» жинағы мен ол туралы жазылған «Біргемін мен сендермен» атты естелік кітабы жарық

көрдi. Ақын өзі айтқандай:

«Мен — марттағы найзағай күркірімін,

Құрманғазы күйінің бір тілімін.

Менің жаным саясын паналаған,

Дүниедегі бар қыздың кірпігінің», - деп халқымызда жыл басы саналатын наурыз айында дүниеге келгендігін тіліне тиек етеді. Әсем айдағы найзағай күркірі- қасиетті жерімізге нұр сыйлайды, көк өсіреді, кең даланы гүлге орайды.

Жүргізуші: Дүниеге Қарақалпақ жерінде келген Төлегеннің балалық шағы шығыс шайырлары шарлаған шайырлы, құнарлы топырақ Хорезмде өтті. Жас Төлеген Новаи, Мақтымқұлы, Бердақтардың рухы тұнған, ізі қалған, қасиетті өлкені шарлады. Мектеп табалдырығын аттасымен Абай, Жамбыл, Махамбеттермен қауышты. Сөйтіп, бала сана, бұла сана өлең сөздің тұма бұлақ тұнбасынан жүзіп жүріп ішті, сімірді.

Төлегеннің бала кезіндегі досы Сапар Өтемісовтің естелігі.

Жүргізуші: Ақындықтың мақсат-мұраты қандай екенін Төлеген өз өлеңінде үлкен өлшеммен толғанады. Ғұмырын жыр жолына бағыштағандардың бұл мәңгілік ұстанымы, ақындықтың айнымайтын серті іспетті. Т. Айбергеновтің айтуынша, ақындық дегеніміз

Нақақтан күйіп баратса нұрлы күн үшін бір тұтқын,

Кес-кестеп барып кеуденді оғына тосу мылтықтың.

Қалдырмау үшін ұятқа, күнәсіз мынау дүниені,

Жамау қып басу өзінді аузына бар-

лық жыртықтың.

Бейнетаспадан Мұхтар Шахановтың ақын туралы естелік пікірі тыңдалады.

Жүргізуші: Төлеген аз ғана ғұмырында халқына шынайы поэзияның шырынынан дәм татқызып, терең ой мен мөлдір сезімдерді тек өзіне ғана тән табиғи даралықпен шебер бейнелеген дарынды суреткер.

Ана керек! О, адамдар, ана керек адамға,

Анасыздар-аң сияқты күн кешіп жүр ғаламда.

Пікірімді ұнатпаған таптық та дер дананы,

Даналықтың қажеті жоқ сыйлау үшін ананы, - деген ақынның ой қорытындысы бәрімізді де ойландырады анық. Ақынның ана мен бала мәселесі сөз болатын бұл өлеңінің берер өнегесі мол.

«Ана», «Перзент жыры» өлеңі.

Жүргізуші: Төлеген кейде шабыт қысқанда көкке парлай, самғай көтеріліп дүниенің тас төбесіне шығып алып, қиядан жүзіктей жұмыр жер, жалпақ әлемге назар салатын қыран көз, періште қанат ақын. Ол ата жұрт — қазақ еліне қиырдан сағынып келді. Өле-өлгенше сол сағынышын баса алмай кетті. Алмағайып жылдарда айырылып қалған ата жұртының әрбір тау мен тасына, көл мен шөліне шөліркеп, алыс тарихи сапардан оралған аруанабауыр жанның іңкәр көзімен қарады. Сол «балапан — басына, тұрымтай-тұсына» кеткен кер заман дауылында қақпақыл болған қазақтың бір ботасының боздауын естігендей болар еді. «Боздаумен жасы моншақтап» туған

жерге тартып отырған аруана — жүрек ақын бейнесі көз алдыңызда көлбеңдер еді.

Жырладың табиғаттың наз қылығын,

Жырладың аққулар мен қаздың үнін.

Танданам өлмес өлең қалдыруға,
Қалайша жетті екен деп аз ғұмырың.

«Туған еліме», «Туған елге» өлеңі.

**II. Сағынған көздің моншағы,
Шашылып жатыр төсекте...**

Жүргізуші:

«Сағынған көздің моншағы,

Шашылып жатыр төсекте» - деп өзін айтқандай сені сағынған «көзімнің моншағы» қаншама рет шашылғанын айтып та, жазып та жеткізе алмаймын.

Бейнетаспадан қынның қызы Салтанаттың естелігінен үзінді тыңдау.

Салтанат Төлегенқызы «Әке, сені сағындым...»

Жүргізуші: Төлеген ақынның өлең оқысы бөлек. Жатқа оқиды және тура шаршы топқа шапқалы тұрған революция дауылпазы Маяковскийше екпіндетеді. Әрбір өлең жолының аяқталуы балғамен ұрғандай салмақты. Дүңкілдейді. Дүңкілдеп дабыл соғылғандай, жорық дабылы ұрылғандай. Оқыс қуат-қайрат сізді де баурап, арқаңыз қозып, күреске, ерлікке шыңдалып, ширығып бара жатқандайсыз.

Ақын туралы пікірлер.

Жүргізуші: Төлеген жыр әлеміне сапар барысында алдына «досы түгіл дұшпаны сын тақпайтындай» мақсат қояды. Ақынның:

Жолдар, жолдар, мені алыс апарыңдар,

Апарыңдар, ұзаққа сапарым бар,
Қаламдаймын әлі мен ұшталмаған,
Өткізіндер шөлдерден құс қонбаған,
Сын тақпасын дос түгіл дұшпан маған, - дейтіні де сондықтан.

«Мен саған жер сияқты бауырмалмын»

Бейнетаспадан үзінді: (1960 жылы ақынның Ақтаудағы жыр кешінде өлең оқуы)

Жүргізуші:

Алысты барам арман қып,

Ауырың болса арт өмір!

Жолына жырдың құрбан қып,

Басымды тіктім әйтеуір.

Поэзия әлемін жан-тәнімен сүйетін ақын ғана осылай толғанса керек. Өлең жолында Айбергеновтің поэзия кеңістігіндегі өзіндік тәуекелі, керек десеніз өмірлік ұстанымы орныққан. Ақынның жырларының шоқтығын басқалардан биіктетіп тұратын да осы отты жырдың табанды тегеуріні. Олай болса, ақынның өмір туралы өлеңдеріне құлақ түрейік.

«Өмір», «Күлкілер», «Ағыстар мен ғасырлар» өлеңі.

Жүргізуші: Аз ғана өмірінде өз шын бағындырып өткенін, жыр әлемінде өшпес із қалдырғанын ақын отты жыры арқылы таңбалайды. Найзағай іспетті жарқ-жұрқ етіп, жалындап өте шығу ақындар болмысына ғана тән көбінесе, Бернияз Күлеев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Төлеген Айбергеновтердің орда бұзар отызға орнығып үлгермей, жарқылдаған күйі мәңгілік поэзияға айналып кетуі осының айғағы.

Төлеген жырлары туралы ойласақ,

ол жырларды адам қолынан шықты, қаламмен жазылды дегенге сенгің де келмейтін секілді. Төлеген — құйма жырдың киесіндей ақын. Өмірі қысқа болғанымен, поэзия көгіне өз жырларын, қолтаңбасын мәңгі өшпес күн секілді шығарып кетті емес пе? Ақынның ақын туралы пайымды пікірі, парасатты ойы осылайша үндеседі.

Ақын туралы естеліктер.

1) Ханбибі Есқараева «Ақынның қолтаңбасы»

2) Ақын Тынышбай Рақымовтың естелігі.

3) Ақын М.Мақатаев туралы естеліктер кітабынан.

III. О, Адамдар, біргемін мен сендермен...

Жүргізуші: Төлеген жырларынан лапылдаған жастықтың жалыны, мәрттіктің мәртебесі, сыршылдық сезімі сыңарласып өріледі.

Ей, адамдар, айналайын, туғандар,
Жалғыз минут тыңдаңыздар!

Мен сендерге көп болды сыр шертпедім,

Қазір түгел көкірегім өрт менің! - дей отырып, адамдық туралы сыр шертеді.

«Адам сыры», «Бір тойым бар» өлеңі туралы бейнетаспадан үзінді көрсету.

Жүргізуші:

Бір тойым болатыны сөзсіз менің,
Дәл қай күні екенін айта алмаймын.
Бірақ... Бірақ...

Ешкімді де билетпей қайтармаймын!

Оның сол бір қиын-қыстау заманда бар жиған-тергенін ортаға салып, тамаша бір той ғып өткеретінін өзінен басқа ешкім де аңғарған жоқ-ты. Тіпті

сол тойының қашан, қайда және қай күні болатынын да ақын ашып айта алмады. Солай десек те, ақынның өзі осынау өмірде болсын-болмасын, сол бір тамаша тойдың ерте ме, кеш пе, әйтеуір күндердің бір күнінде болатынын сезген сыңайлы. Өз тойын армандаған тұлпар мінезді, арғымақ ақын

Төлеген Айбергеновтің «Бір тойым бар» өлеңіне кезек берейік.

Ақынның досы Мұқтар Шаханов туралы бейнетаспадан үзінді көрсету.

Жүргізуші:

Сағындым, жаным, мен сені!

Көркінді жүрген қуаныш қылын мендей ме екен бар ағаң

Шын інім болсаң бас ұрма жаным, өсек-ғайбатқа бораған

Қажетті жерінде қатыгездік пен қаталдық керек десек те,

Адамның заңғар ұлылығын сен сағынышымен есепте.

Төлеген ағаның сағынышы тек Мұхтар Шахановқа емес, жыр сүйетін, қауырсын қаламды қасиетті қару санайтын дарынды інілеріне арнап кеткен өсиет-сағынышы екен ғой.

Мұхтар Шаханов «Төлеген Айбергеновке ескерткіш».

Жүсіп Қыдыров «Төлегенге хат»

Жүргізуші: Төлеген — жыр әлемінде өзіндік үнімен еніп, соңынан тұтас бір толқынды ерткен, қазақ поэзиясы тарихында бүтін бір дәуірдің кілті болған тұлға. Оның өлеңдеріне жазылған «Қазақстан», «Жаңғырған Маңғыстау», «Ақ қайындар», «Ақ ерке, Ақ жайық», «Сені ойладым», «Бір тойым бар», т.б. әндер ел арасына кеңінен танымал.

«Ақ ерке, Ақжайық» әні орындалады.

Жүргізуші: Төлеген — жырдың тойы өленді бағалай білетін, қасиетті қара өлеңнің құдіретін қасиетін түсінетін жұртымен бірге жалғасу үстінде. Ақынның ғана емес, ол қазақтың, қазақ поэзиясының тойы санатында жалғасып жатыр. Бұл ақынның поэзия әлеміндегі өзінің ешкімге ұқсамайтын жеке-дара қолтаңбасын қалдырғанының арқасы болса керек. Бір тойының қай күні болатынын тап басып айтпағанымен, ақынның құдіреттілігі оның үздіксіз жалғасатынын білгірлікпен болжағанында болар.

«О, Адамдар, мен сендермен біргемін» өлеңі.

Құрметті жыр сүйер қауым! Асқақ дарынымен ел жүрегінен мықтап орын алған Төлеген Айбергенов туралы жыр-кеші өз мәресіне жетті. Ақын кешкен ағыл-тегіл сезімдердің айдынында шомылуға сіздер де асық болыңыздар!

Ғазиза КУЛМУРЗАЕВА,
№99 орта мектеп мұғалімі.

Ақай ауылы,
Қармақшы ауданы,
Қызылорда облысы.

Әке – өмірдің бастауы



Бейбитгул Ясиновна ТАУКЕНОВА,
Әл-Фараби атындағы
№145 мектеп-гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Бостандық ауданы, Алматы қаласы.

Мақсаты:

1. Әкенің отбасындағы рөлі туралы түсінік;
2. Отбасылық тәрбиенің жақсы жақтарын насихаттау;
3. Әке туралы даналық ойлар арқылы тәрбие беру.

Күтілетін нәтиже: Сатылай кешенді талдау технологиясы арқылы оқушыларға қоғамдағы және отбасындағы әкенің рөлін жоғары ұстауға тәрбиелеу.

Ресурстар: Интерактивті тақта, плакаттар, оқулықтар, стикер, т.б.

Жоспары:

Кіріспе бөлім: «Әке мен бала»

Топқа бөлу (мақал-мәтел арқылы)

«Джигсо» арқылы үй тапсырмасын сұрау:

1-топ: Ы. Алтынсарин «Әке мен бала» әңгімесі;

2-топ: Әке туралы поэзия минуты (10 минут).

Негізгі бөлім: «Әке көрген оқ жанар...»

«Мифа шабуыл» әдісі арқылы әр топқа мақал-мәтелдер айтқызу.

Даналық ойдан дән ізде: «Әке — өмірдің бастау» берілген сөйлемге сатылай кешенді талдау:

1. I топқа: синтаксистік талдаудың 1, 2, 3, 4 сатылары бойынша

2. II топқа: синтаксистік талдаудың 5-сатысы бойынша тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелерді анықтау (25 минут)

Сергіту сәті: «Әке туралы» ән (3 минут)

Қорытынды: «Менің әкем — ең жақсы адам»

«Әкеме хат» (хат жазғызу) (7 минут)

Өтілу барсы:

«Ана — сая болар бағың болса, Әке — асқар тауың» дейді халқымыз, бүгінгі кешімізде әке туралы ой қозғалады. Әр шаңырақта әкенің орны ерекше. Әке шаңырақтың тірегі. Әке — отбасының асыраушысы, отбасы мүшелерінің тірегі, қамқоршысы. Әкенің мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өнері мен білімі — баланың көз алдындағы үлгі, өнеге алатын, оған қарап өсетін нысанасы. Отбасының пейіл-береке, ынтымағы үшін отағасының әділ, ұстамды болуы орасан маңызға ие. Оның тәрбиелік рөлі де зор. «Әке — асқар тау», «Әке — балаға сыншы» дейді халқымыз.

Ер бала әкесімен сырлас, жолдас, дос. Ол әрқашан бір әрекет жасау үшін әуелі әкесімен сырласады. Ер баланың өсіп, жетіліп, өз алдына жеке тұлға болып қалыптасуына, қоғамдағы өз орнын дұрыс табуына әкенің атқарар еңбегі ерекше.

Кіріспе бөлім:

II топ: «»

Әке туралы жыр

Жас едім өмірге еркін бойламаған,
Күні ертең не боларын ойламаған.
Шарықтап кетсем де алыс қанат қағып,

Өзіндей қамқор әке қайда маған?!
Сүрінсем сынай қарап от жанарың,

Сен мені жақтамадың, ақтамадың.

Әрдайым осы қатал мінезіңнен

Күш алып мақсатыма аттанамын.

Жан әке, шертіп сезім домбырасын,
Кеудемді қуанышқа толтырасың.

Арманның аспанына құлаш ұрсам,

Арқамда асқар тау боп сен тұрасың.

Бұл күнде мен де өзеннің арнасымын,

Кім мөлдір болса соның жолдасымын.

Қуан сен, қуана бер, әкетайым,

Мен сенің өміріңнің жалғасымын.

Өлең бойынша қорытынды:

I топ: «Әке мен бала»

Бір адам он жасар баласын ертіп, егіннен жаяу келе жатса, жолда қалған аттың бір ескі тағасын көріп баласына айтты:

- Балам, анау тағаны ала жүр, - деп.

Бала әкесіне:

- Сынып қалған ескі тағаны алып не қылайын? - деді.

Әкесі үндемеді, тағаны өзі иіліп алды да, жүре берді. Қаланың шетіне темірші ұсталар бар екен, соған жеткен соң әкесі қайырылып, манағы тағаны соларға үш тиынға сатты. Одан біраз жер өткен соң шие сатып отырғандардан ол үш тиынға бірталай шие сатып алды. Сонымен, шиені орамалына түйіп, шетінен өзі бір-бірден алып жеп, баласына қарамай аяндап жүре берді. Біраз жер өткен соң, әкесінің қолынан бір шие жерге түседі. Артында келе

жатқан бала да тым-ақ қызығып келеді екен, жерге түскен шиені жалма-жан жерден алып аузына салды. Бітегенеден соң және бір шие, сонан біраз өткен соң және бір шие, сонымен әр жерде бір әкесінің қолынан түскен шиені он шақты рет иіліп, жерден алып жеді. Ең соңында әкесі тоқтап тұрып, баласына шиені орамалымен беріп тұрып айтты. - Көрдің бе, мана тағаны жамансынып жерден бір ғана иіліп көтеріп алуға еріндің, енді сол тағаға алған шиенің жерге түскенін аламын деп бір еңкеюдің орнына он еңкейдің. Мұнан былай есінде болсын: аз жұмысты қиынсынасаң — көп жұмысқа тап боласың; азға қанағат ете білмесең — көптен де құр боласың, - деді.

Мазмұны бойынша қорытында жасау:

II топ: «»

Әке туралы жыр. Мұхтар Шаханов

Жас едім өмірге еркін бойламаған,
Күні ертең не боларын ойламаған.

Шарықтап кетсем де алыс қанат қағып,

Өзіндей қамқор әке қайда маған?!

Сүрінсем сынай қарап от жанарың,

Сен мені жақтамадың, ақтамадың.

Әрдайым осы қатал мінезіңнен

Күш алып мақсатыма аттанамын.

Жан әке, шертіп сезім домбырасын,

Кеудемді қуанышқа толтырасың.

Арманның аспанына құлаш ұрсам,

Арқамда асқар тау боп сен тұрасың.

Бұл күнде мен де өзеннің арнасымын,

Кім мөлдір болса соның жолдасымын.

Қуан сен, қуана бер, әкетайым,

Мен сенің өміріңнің жалғасымын.

Өлең бойынша қорытынды:

Негізгі бөлім: «Әке көрген оқ жанар...».

Әр топ кемі 10 мақалдан айту «» берілген мақал бойынша сатылай кешенді талдау жасау

I топ: «» берілген мақалды 4 саты бойынша талдау;

II топ: 5-саты бойынша талдау.

Сергіту сәті: «Әке» туралы өлең айту

Қорытынды: «Әкеме хат» оқушыларға конверт ұсынылады. 2-3 сөйлем арқылы оқушылар әкелеріне хат жазады.

Анасын ұқпайтын,

Әкеден ықпайтын.

Ұл болмайды.

Анаға тартпайтын,

Әкеге жүк артпайтын

Қыз болмайды - деп ата-бабамыз тегін айтпаған.

Әке өзінің баласын қандай күйде көргісі келетінін күні бұрын ойластырады. Әрине, ешбір әке өз баласына жамандық тілемейді. Ең асылын, ең жақсысын баласына беріп, «мен көрген қиындықты балам көрмесінші» деп тілейді. Мұны сезіп, сол ойды ақылына қондырып, санасындағы терең түйсікпен біліп жатқан бала болса, ондайдан айналып кетесің ғой! Бірақ, өмірде олай бола да бермейді. Әке мен ананың айтқанын тыңдамай, «өзім білемге» салып қателікке бой алдырғандар аз ба?!... Сөйтіп жүріп жарық күнде адасқандар аз ба?! Мұның бәрі отбасындағы рухани дағдарысқа әкеледі. Оның ар жағында отбасының құлдырауы жатыр... Әке әрқашанда қара шаңырақтың иесі болып қалуы керек екенін ұмытпайық!

«Әкеме хат» оқушыларға конверт ұсынылады. 2-3 сөйлем арқылы оқушылар әкелеріне хат жазады.

Мектеп көшбасшысы



Арман
Муханбетқалиұлы
РАМАЗАНОВ,
Карманов ЖОББМ-
балабақшасының
физика және
информатика пәні
мұғалімі.
Жаңақала ауданы.
Батыс Қазақстан
облысы.

- Армысындар, бүгінгі «Мектеп көшбасшысы» атты сайысымызға жиналған қауым! Бүгінгі біздің сайысқа қош келіпсіздер!

Көпшіл болған ер дана,
Достары көп ер бала.
Өнерліден үлгі алып,
Салдырар сәнді мол қамал.
Өнерлімен дос болсан,

Қиялыңды қорғайды, - демекші,
бүгінгі «Мектеп көшбасшысы» атты интеллектуалдық ойынымызды бастаймыз!

Әділ қазыларды сайлап, таныстыру.

Бірінші кезең. «Бәйге»

Қарап тұрмай бәйгеге еріңіз,
Шәкірттерге әділ шешім беріңіз.

Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шығарар,

Бәйге, бәйге, бәйгелерді көріңіз, - дей келе, біз алғашқы «Бәйге» кезеңін бастайық.

Сайысқа 6 адам қатысады.

1. Жүргізуші қатысушыларға қарапайым сұрақтар қойылады;

2. Қатысушы дұрыс жауап берген әр сұраққа 10 ұпай иеленеді;

3. Жауапқа он бес секунд уақыт беріледі, одан кейінгі жауаптар қабылданбайды.

1-сұрақ. Нөл градус температурада су неге айналады? (Мұзға)

2-сұрақ. Құс жолы қандай пішінде болады? (Шиыршық)

3-сұрақ. Интернетпен байланыс жасайтын құрылғы. (Модем)

4-сұрақ. Галстук қай жерден шықты? (Англия)

5-сұрақ. Ең кіші планета? (Меркурий)

6-сұрақ. Париж сахнасында ән салған тұңғыш қазақ әншісі? (Ә. Қашаубаев)

7-сұрақ. Ақпараттың ең кіші бірлігі. (Бит)

8-сұрақ. «Оянған өлке» романының авторы. (Ғ. Мүсірепов)

9-сұрақ. Ноғай ордасының астанасы. (Сарайшық)

10-сұрақ. Қазіргі Батыс Қазақстан облысының әкімі. (Алтай Көлгінов)

Екінші кезең «Дода»

Мәңгі бақи есте қалар,
Ғажайып бір сайыс болсын.

Білімдірек шәкірт озар,

Қиынырақ сұрақ болсын! - деп біз енді сайысымыздың келесі кезеңіне де келіп жеттік.

Бұл сайысқа да 6 адам қатысады. Бірінші турда жиналған ұпай екінші турда толығымен сақталады. Екінші турда мектеп бағдарламасына сай 6 пәннен сұрақтар қойылады.

1. Қатысушыларға 6 тақырып ұсы-

нылады. Белгіленген блок бойынша ойыншы тақырыпты өзі тандайды. Тандау кезегі ойыншының бірінші турда алған орнына сәйкес жүзеге асырылады. Бірінші (соңғы) орын алған ойыншы бірінші болып тандайды, әрі қарай осылай кезекпен кете береді;

2. Әр тақырыптың ішінде бес сұрақ болады, сұраққа дұрыс жауап берген ойыншының бірінші турда жинаған ұпай санына 10 балдан қосылып отырады;

3. Жауап ауызша беріледі.;

4. Екі тур барысында барынша көп ұпай жинаған үш ойыншы үшінші турға шығады.

Қазақ тілі:

1. Заттың түрін, түсін, сапасын, көлемін білдіретін сөз табы? (Сын есім)

2. Сөз құрамын зерттейтін сала? (Морфология)

3. «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман» тіркесінің мағынасын айт? (Тыныштық заман)

4. Екі не бірнеше адамның сөйлесуі? (Диалог)

5. Дыбыстың жазба таңбасы? (Әріп)

Математика:

1. 5 мысық 5 тышқанды 5 минут ұстаса, 1 мысық 1 тышқанды неше минут ұстайды? (5 минут)

2. Үшбұрыштың 3 қабырғасы берілген 10, 15, 7 оның периметрін тап? (32)

3. «Миллион» деген сөзді қазақ арасына жеткізген ағартушы? (Ы. Алтынсарин)

4. Дәлелдеуді қажет етпейтін математикалық сөйлем? (Аксиома)

5. Геометрияның жазықтағы заңдылықтарын зерттейтін бөлімі? (Планиметрия)0

Физика:

1. Бүкіләлемдік тартылыс заңын кім ашты? (Ньютон)

2. Ток күшінің өлшем бірлігі? (Ампер)

3. Дисперсия құбылысы дегеніміз не? (Жарықтың спектрге бөлінуі)

4. Дене су бетінде қандай күштің әсерінен қалқып жүреді? (Архимед күші)

5. Қысымды қандай құралмен өлшейді? (Барометр)

Тарих:

1. Тарихтың атасы? (Геродот)

2. Рейхстагқа ең алғаш ту тіккен қазақ жауынгері кім? (Р. Қошқарбаев)

3. Тұңғыш қазақ демограф ғалымы? (М. Тәтімов)

4. Адамзат қоғамы туралы ғылым? (Тарих)

5. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» қай жылы басталды? (1723 ж.)

География:

1. Әмудария мен Сырдария аралығындағы шөл? (Қызылқұм)

2. Экватордың жалпы ұзындығы? (40 000 км)

3. АҚШ-тың солтүстік штаты? (Аляска)

4. Ең терең көл? (Байкал)

5. Тайланд астанасы? (Бангкок)

Информатика:

1. Компьютердің негізгі бөліктерін ата? (Жүйелік блок, монитор, пернетақта)

2. Принтердің неше түрі бар? (3 түрі бар)

3. Вирустың кері әсерін жоятын бағдарлама? (Антивирус)

4. «Компьютердің атасы» деп кімді атаған? (Ч. Беббидж)

5. Бұл адам атақты Microsoft компаниясының президенті? (Билл Гейтс)

Үшінші кезең «Жорға»

1. Турға 3 адам қатысады. Екінші турда жиналған ұпай есептелмейді;

2. Қатысушыларға мектептен тыс 4 тақырып берілген. «Салт-дәстүр», «Спорт», «Тұлғалар», «Еркін тақырып». Олардың әрқайсысында күрделілігі бойынша бағаланатын сұрақ жасырылулы. Оған сәйкес 10; 20; 30; 40 балл беріледі;

3. Қатысушылар кезек бойынша тақырып пен сұрақ бағасын таңдайды. Таңдалатын сұрақ саны — 4, әркім өзі таңдаған сұрағына жауап береді. Ойлануға 10 секунд уақыт беріледі;

4. Сұрақтарды ойыншылар кезек бойынша таңдайды және сол кезекпен жауап береді;

5. Дұрыс жауап берген жағдайда ойыншы сұрақ бағаланған мөлшерде ұпайға ие болады;

6. Ойыншы дұрыс жауап бермеген жағдайда, оның қарсыластары өз кезегінде қол көтеру арқылы дұрыс жауап беруге талпыныс жасай алады;

7. Егер екінші ойыншы дұрыс жауап бере алмаса, жауап беру құқығы үшінші ойыншыға өтеді. Ол екінші ойыншы тәрізді ойланбай жауап беруге міндетті;

8. Кез келген жағдайда сұрақта көрсетілген ұпай дұрыс жауап берген ойыншыға өтеді;

9. Турдың (ойынның) жеңімпазы болып үшінші турда барынша мол ұпай жинаған ойыншы танылады;

10. Ұпай саны тепе-тең түсетін болса төртінші тур (овертайм) өткізіледі.

«Салт-дәстүр» сұрақтары:

1. «Бастанғы» деген дәстүрдің мағынасын түсіндір.

(«Бастанғы» жастардың ата-анасы үйде жоқ кезінде өзінің қатарын шақырып, жегізетін тамағы. Үйдің үлкендері жол жүріп кеткенде, ауыл жастары сол үйге жиылып, «жолаушыларды» жолда басы ауырмасын деп, бастанғы жасататын болған. Ән айтылып, ойын сауық құрған).

2. Сыбаға дегеніміз не?

(Сыбаға (дәстүр). Құрметті қонаққа немесе өздерінің жақын-туыстарына арнап сақтаған кәделі ет мүшелері «Сыбаға» деп аталады).

3. Енші (салт). «Оған бай қалың беріп, қатын әперді де, кейін енші беріп бөлек шығарады» (С. Мұқанов).

Балаларды ер жетіп, жеке үй болғанда ата-анасы оған отау тігіп, дүние-мүлікті «жасау» дейді.

4. Бәсіре (дәстүр). «Жастайынан бағып ем, бәсіре ғып торы тайым» (Х. Талғаров).

(Бала туған кезде немесе есі кіріп, оң-солын таныған соң, «сүндет тойына» немесе мектепте барғанда атасы немесе өз әке-шешесі оған тай атайды. Оны «бәсіре» тай дейді. Бала оны ерекше күтімге алады, бағады, үйретеді. Және сол арқылы мал бағуға, еңбекке үйренеді. «Бәсіре» атау баланың көңілін өсіреді, өмірге бейімдейді. Өз қатарына «бәсіре тайым бар» деп мақтанып, өсіп жүреді. Мұның бәрі баланың көңілін өсіріп, ынталандырып тәрбиелеудің бір жолы).

«Спорт» сұрақтары:

1. Қазақтан шыққан тұңғыш олимпиада чемпионы кім?

(Әлжан Мүсірбекұлы Жармұхаме-

дов, спортқа еңбегі сіңген спорт шебері, қазақтан шыққан тұңғыш Олимпиада чемпионы. Чемпиондық атақты баскетболдан 1972 жылы Мюнхен олимпиадасында алған, әлемнің және Еуропаның бірнеше дүркін чемпионы, КСРО чемпионатының тоғыз дүркін чемпионы);

2. Бокстан қазақтар арасында алғаш олимпиада чемпионы кім?

(Боксшы Бекзат Саттарханов, 2000 жыл, Сидней қаласы);

3. Қазақстан жазғы олимпиада ойындарына алғаш рет қай жылы қатысты?

(1996 жылы Қазақстан жазғы Олимпиада ойындарына алғаш рет қатысты. Атланта Олимпиадасы, 1996 жыл)

4. Қазақ қыздары арасынан бокстан шыққан тұңғыш әлем чемпионы кім?

(Назым Қызайбай. Қазақ қыздары арасынан шыққан тұңғыш әлем чемпионы. Бокстан Қазақстаннан шыққан әйелдер арасындағы тұңғыш әлем чемпионы).

«Тұлғалар» бойынша сұрақтар:

1. Қазақтың арасынан шыққан тұңғыш ғарышкер, ҚР-ның Халық Қайырымдылық қорының негізін салушы және президенті (С. Назарбаева)

2. Еліміздегі жетім балаларды қорғау үшін құрылған «Бөбек» балалар қайырымдылық қорының негізін салушы және президенті (С. Назарбаева)

3. Қазақ Ғылым Академиясының тұңғыш президенті, (Қ. Сәтбаев)

4. ҚР Мемлекеттік әнұраны ретінде қабылданған «Менің Қазақстаным» әні қай жылы жазылған және әнді алғаш орындаған кім? (1959 ж. Жамал Омарова)

«Еркін тақырып» бойынша сұрақтар:

1. Семей полигоны қай жылы жа-

былды? (1991 ж. 29 тамызда)

2. Неге Бәйтерек монументінің геометриялық өлшемдеріне дейін (98 м) символдық мәні бар дейді? (Елорда Алматыдан Астанаға көшіп келген жылдың соңғы екі санына сәйкес келеді)

3. Конституцияда не туралы жазылған? (Құқық пен міндет)

4. Алғашқы рет ҚР Мемлекеттік әнұраны ретінде «Менің Қазақстаным» әні қай жылы қандай мерекеде орындалды? (2006 ж. 10 қаңтарда Елбасын ұлықтау рәсімінде)

Жұмбақтар жарысы:

Келді кезек жұмбақтарды шешуге, Жауаптарын үш тілде беруге.

Қазақ, орыс, ағылшынды білсеңіз, Жақсы баға, шәкірт, саған несібе.

Жасырылған жұмбақтардың жауабын қазақ, орыс, ағылшын тілдеріне аудару керек.

1. Көкке шаншып құйрығын, Келеді шауып жүйрігім.

(Жылқы — лошадь — horse)

2. Ащыдан басқа жемейтін Ыстық шөлде Отаны.

Шөлдесе су деймейтін.

(Түйе — верблюду — camel)

3. Тастан тасқа секірген,

Ұзын салпаң құлақты.

Қойдан маза кетірген.

(Ешкі — коза — goat)

4. Екі айнасы бар,

Екі найзасы бар.

(Сиыр — корова — cow)

5. Аласа ғана бойы бар,

Айналдырып киген тоны бар.

(Қой — баран — sheep)

Қорытынды.

Қатысушыларды марапаттау.

Тілдер атпалыны «Полиглот»

Мақсаты:

1. Оқушылардың интеллектуалдық ойын арқылы ой-өрістерін кеңейту, логикалық тапсырмалар арқылы тапқырлыққа үйрету; Қазақстанның және де өзге ұлттардың дәтүріне көз жүгірту;

2. Ізденімпаз, ойшыл, жауапкершілігі мол тұлға ретінде тәрбиелеу;

3. Оқушылардың қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі пәндерінен алған білімдеріне жалпылай шолу жасау, қайталау жұмыстарын жүргізу.

4. Оқушылардың танымдық қабілетін, ой-өрісін дамыту, дүниетанымын кеңейту, сөздік қорын молайту. Ағылшын тіліне деген қызығушылығын арттыру.

Жүргізуші: Қайырлы күн, құрметті ұстаздар және оқушылар!

Good afternoon, dear teachers and pupils!

Тіл — халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін-келбеті, болмысы. Адамды мұратқа жеткізетін — ана тілі мен ата дәстүрі.

Our language is connected with our thought and sense. It's close to the society's life. All languages developed under influence of economic, political and geographical conditions.

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, мұғалімдер, оқушылар! Елбасы жолдауында «Тілдердің үш тұғырлылығы жөніндегі мәдени жобасын» ұсынған болатын. Сіздермен бірге тілдерді қа-

лай меңгеріп жүргенімізді білу мақсатында бүгінгі «Полиглот» ойынын бастайық.

Ойынымыз 4 кезеңнен тұрады:

1-кезең «Сұрап-жауап»;

2-кезең «Полиглот»;

3-кезең «сөздің мағынасын ашу»;

4-кезең «Ойлан, тап».

Жүргізуші: Бұл ойынға 6-7-8 сынып оқушылары қатысады. Ал енді ойынымызды бастамас бұрын, ойынымызға қатысатын 2 топты қошеметпен ортаға шақырамыз.

Dear guests, teachers and children! Welcome to our competition «Polyglot»! The pupils of 6-7-8 forms take part in this game. Greet them!

1-топ «Толағай», «Tolagai».

2-топ «Бәйтерек», «Baiterek».

Екі топтың бір-біріне деген тілектері.

Осы ойын барысын қадағалап, әділ бағасын беретін әділ қазылар алқасын тағайындап алайық. Ойынымыздың 1-бөлімінде әр топ қазақ, орыс, ағылшын тілдері пәндерінен сұрақтар қойылады. Әрбір дұрыс жауапқа 1 балл беріледі.

Жүргізуші: On the first stage our pupils must answer the questions of the English, Kazakh and Russian languages.

1-кезең «Сұрақ-жауап»

1. Қазақ әліпбиінде қанша әріп бар? (Қырық екі, сорок два, forty two)

2. Как называются слова одинаковые по звучанию и написанию, но

совершенно разные по лексическому значению? (Омонимы, омонимдер, homonyms)

3. What is the capital of England? (London, Лондон, Лондон)

4. We can watch news, films and other interesting things in it. (Television, теле-дида, телевизор)

5. The room where we sleep. (Bedroom, жатын бөлме, спальня)

6. Тілдің дыбыстық жағын зерттейтін тіл білімінің саласы. (Фонетика, фонетика, phonetics)

7. Как называется часть речи, которая обозначает признак предмета и отвечает на вопросы какой? чей? (Имя прилагательное, сын есім, adjectives)

8. How many letters are there in the English Alphabet? (Twenty six, жиырма алты, двадцать шесть)

9. What month is it now? (March, наурыз, март)

10. Who works at school? (Teacher, мұғалім, учитель)

11. Жалпы, жалқы, деректі, дерексіз болып бөлінетін сөз табы. (Зат есім,

имя существительное, noun)

12. Разговор двух или нескольких лиц. (Диалог, диалог, dialogue)

13. How many oceans are there on our planet? (Four, төрт, четыре)

14. The antonym to the word «good». (Bad, жаман, плохой)

15. What colour is snow? (White, ақ, белый)

Жүргізуші: Ойынымыздың 2-кезеңінде оқушыларға жұмбақтар жасырылады, жауабын үш тілде айту керек. Бірінші қол көтерген оқушы жауап береді. Әр дұрыс жауапқа 1 ұпай.

In this stage our pupils should find the missed words in the riddles and have to translate them into Kazakh and Russian. For each right answer they'll receive of 1 point.

2-кезең «Полиглот»

Қазір мен мақал-мәтелдер оқимын, мақал-мәтелдердің бір сөзіне сұрақ қоямын, жауабын орыс, ағылшын тілдерінде беретін боласыздар.

1-топқа: Өнер алды қандай тіл? (Қызыл, красный, red)



2-топқа: Нені қызған кезде соқ? (Темір, железо, metal)

1-топқа: Сөз атасы — құлақ,

Жол атасы — тұяқ,

Не атасы — бұлақ? (Су, вода, water)

2-топқа: Жасында қылжың болсаң,
Өскенде кім боларсың? (Мылжың, болтун, talkative)

1-топқа: Ерлік бірлікте емес, неде? (Жүректе, сердце, heart)

2-топқа: Не өткір? (Тіл, язык, language)

1-топқа: Ел іші қандай бесік? (Алтын, золото, gold)

2-топқа: Оқу — білім бұлағы, білім не шырағы? (Өмір, жизнь, life)

1-топқа: Жаңбыр жаумаса не жетім? (Жер, земля, earth)

2-топқа: Анаға қарап кім өсер? (Қыз, девочка, girl)

1-топқа: Не тас жарады, тас жармаса бас жарады? (Тіл, язык, language)

2-топқа: Балалы не мазар? (Үй, дом, house)

3-кезең «Сөздің мағынасын ашу». Екі топқа бірдей сөздер беріледі:

1. Skyscraper — небоскреб;
2. Life-belt — қауіпсіздік белдігі;
3. Wind and weather — ауа-райы келенсіздігі.

4-кезең «Ойлан, тап»

1) Логикалық сұрақ. Исламмен Иманғали жасырынбақ ойнады. Ислам кәрі еменнен 12 қадам солға, 5 қадам оңға жүрді, қайтадан 4 қадам солға, 11 қадам оңға жүрді. Ислам қайда тығылды?

Жауабы: Еменнің артына.

2) Логикалық сұрақ. Бала би қартайған шағында халқын жинап алып

мынадай сұрақ қойыпты: Жерден ауыр деген не? Судан терең деген не? Оттан ыстық деген не? Көктен биік деген не?

Жиылған жұрт жауабын айта алмапты. Сонда Бала би өз сұрағына өзі қалай деп жауап беріпті?

Жауабы:

Жерден ауыр дегенім — ақыл, білім,
Судан терең дегенім — оқу, ғылым.

Оттан ыстық дегенім — фәни, жалған, адам өмірі.

Көктен биік дегенім — тәккәпардың көңілі деген екен.

Жүргізуші:

Туған тілім — тірлігімнің айғағы,
Тілім барда айтылар сыр ойдағы.
Өссе тілім, мен де бірге өсемін,
Өшсе тілім, менде бірге өшемін.

Жүргізуші: English is a world language. It's the language of progressive science and technology, trade and Cultural relations, commerce and business. English is spoken by more than 350 million people. Geographically, it's the most widespread language on earth.

Жүргізуші: Now it's time to say results of our competition, while our juries count your scores let's sing a song in three languages.

Жүргізуші: Осымен біздің бүгінгі ойынымыз аяқталды.

Thank you very much! Good bye!

**Асия Александровна
АЛДАНАЗАРОВА,**

**«Ақтөбе обыстық туберкулез
санаториясы мектеп-интернаты»
КММ-нің ағылшын тілі пәні мұғалімі.**

**Ақтөбе қаласы,
Ақтөбе облысы.**



Кітап – білім бұлағы

Жүргізуші: Бүгінгі «Кітап – білім бұлағы» танымдық сағатымыздың мақсаты: оқушылардың кітап оқуға деген ынтасын арттырып, білімділікке тәрбиелеу. Кітапты сүйе білуге және қадірлеуге баулу.

Кіріспе:

Кітап – адам баласының ақыл ойынан туған рухани байлықты сақтап, оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыратын, білім және тәрбие беретін құрал. Ол – адамзат жасаған ең ұлы кереметтердің бірі. Халқымыз кітапты аса құрметтейді. Сондықтанда «кітапсыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ». «Кітап маған тақтан да қымбат» деп көрсеткен Шекспир. Бұл сөзден түйер ойымыз: адамға жан азығы, рухани байлығы бола білген – кітап. Сол себепті оның орны тақтан да жоғары. «Наданмен қас болғанша, кітаппен дос бол» дейді Баус. Кітап – сенің асып-таспайтын асыл досың. Кітаппен дос болған адамның ой-өрісі кең, сөз мәдениеті жоғары, саналы, жан-жақты болып тәрбиеленері сөзсіз. Білімнің көзін ашып, ең алғаш ғылым саласын танытқан, оқытып үйреткен – кітап. Сондықтан әрбір отбасы баланы жастайынан кітап оқуға үйрету керек, өйткені адамның білімін тереңдетуге, тіл байлығын дамытуға кітап оқығанның пайдасы зор.

Жүргізуші: Армысыздар, оқушылар, ұстаздар!

Бүгінгі «Кітап – білім бұлағы» танымдық сағатын Мәлік Бердәлінің

«Кітап оқы» атты өлеңінің үзіндісінен бастайын. *«Кітапсыз үй – терезесіз бөлме», - деп Вильсон айтпақшы, кітап аса құнды дүние.*

Жүре бермей сенделіп босқа ауылда,
Оқу керек кітапты жас қауымға.

Білім деген бұлақтан қанып ішсең,
Токтамайсың кедергі, тосқауылға.

Шөліркесең қанасың бұлақты елден,

Кітап қана адамға құт ап келген,
Көре бермей үнемі теледидар,
Дос бола біл, жас өркен, кітаппенен.

(Осы кезде кітап бейнесін мойнына ілген оқушы кіреді)

Кітап: Бәрекелді! Көп рахмет Мәлік атамызға. Балалар, мен сіздерге үлкен қуанышпен келдім және дос болып қайтатыныма сенімдімін!

Жүргізуші: Қош келдіңіз, қымбатты досымыз-кітап. Жоғары шығыңыз.

(Кітапты төрге отырғызу)

Кітап: Балалар, мен білім көзі – кітаппын. Мені жасау үшін адам баласы көп еңбек сіңіреді. Алдымен адам орманнан ағаш кеседі. Оны фабрикаға апарады. Фабрика ол ағаштардан қағаз шығарады. Содан соң авторлар жазады, суретші ағайлар сурет салады. Баспахана суреттер мен жазуларды жазып шығарады.

Жүргізуші: Иә, балалар, кітап біздің қолымызға түскенше авторлар қыруар уақыттарын жұмсап, көп еңбектенген.

Кітап: Менің қазіргі жастарға ренішім көп. Өйткені олар кітап оқудың орнына түрік немесе корей сериалда-

рын көреді, сондай-ақ үйден шықпай интернеттен компьютерлік ойындар ойнайды. Мұның бәрі баланың денсаулығына зиян. Әсіресе, ұқыпсыз оқушының қолына түссем, менің парақтарыма сызып, одан қалса, жыртып тастайды.

Жүргізуші: Сіз ренжімеңіз, бүгінгі әңгімеміздің өзі кітап жөнінде болмақ. Оқушылар сізге арнап тақпақтар, мақал-мәтелдер айтады. Осы тәрбие сағаттан кейін бәрі сізді құрметтейтін болады. Олай болса оқушылардан кітап туралы не білетінін сұрап көрейік.

Кім біледі, «Кітап» деген сөз қайдан шыққан? Қандай мағына береді?



Оқушы: Кітап — арабтың «жазу» деген сөзі. Кітап рухани қазына, өмір айнасы, замана сыры, тарих шежіресі, оқу-тәрбие құралы. Алғашқы кітап жазу құпиясын тек дінбасылар мен монахтар ғана білген. Сондықтан дүние жүзіндегі тұңғыш кітаптар еврей тілінде «Таурат», қытай тілінде «Конфуция», парсы тілінде «Авеста», грек

тілінде «Инжіл», араб тілінде «Құран» шыққан.

(Балалар кітаптың пайда болу тарихын айтады)

Кітап. Ой, бәрекелді! Өздерің менің тарихымды жақсы біледі екенсіңдер. Міне, мен осылай өмірге келдім.

Жүргізуші: Оқушылар кітап туралы өлеңдер айтады.

1-оқушы: Кітап!

Сен адамзаттың жақын досы!

Келмейді сені оқымай көңіл хошы.

Ел мұңы, өмір сыры, ақын жыры

Басылған таңба болып өзінде осы.

2-оқушы:

Кітап-менің рухани астанам,

Қолыма алғаш «әліппе» алып бастағам

Кітап оқып, жан дүнием байыды

Шабытты жыр тудыратын, жас қалам!

3-оқушы:

Кітап-менің асыл, жақұт сырласым,

Бір өзіңе айтатұғын жыр басым

Жалықпаймын, жалықпаймын оқуға

Түндер келіп, тәтті ұйқымды ұрласын.

4-оқушы:

Тұрады басын құрап әріп неден,

Басталған білім басы әліппеден.

Қарасақ шалқар теңіз, түпсіз мұхит,

Оқысаң кітап сырын ашып неден.

Жүргізуші: Рахмет, балалар! Жаңа айтқан өлең жолдарында біз не туралы жырладық?

- Әрине, кітап туралы. Егер кітап

болмаса, біз рухани бай болмас едік.

Жүргізуші: Рахмет, балалар!

Дана халқымыздың көне де, көркем мәдени мұрасы мақал мен мәтел сөздер. Мақал — сөз мәйегі бөлімі. (Екі оқушы шығады)

- Мен сендерге мақалдың бірінші жартысын айтамын, сендер мақалды аяқтауларың керек.

1-оқушыға:

1. Еңбектің наны тәтті. (Жалқаудың жаны тәтті);

2. Ерте тұрған жігіттің ырысы артық. (Ерте тұрған әйелдің бір ісі артық);

3. Тіліңмен жүгірме, (Біліммен жүгір);

4. Оқу — инемен ... (құдық қазғандай);

5. Бірлік болмай ... (тірлік болмас).

2-оқушыға:

1. Білекті бірді жығады. (Білімді мыңды жығады);

2. Жақсыдан үйрен. (Жаманнан жиірен);

3. Жеті жұрттың тілін біл, (жеті түрлі білім біл);

4. Еңбек ерлікке ... (жеткізеді);

5. Ақылды қария ... (ағып жатқан дария).

Жүргізуші: Рахмет, балалар!

Жүргізуші: Тіліміз дүние жүзіндегі ең сөздік қоры бай, бейнелі де бедерлі, көркемде кестелі тілдердің бірі. «Өткірдің жүзі, кестенің бізі, өрнегін сендей сала алмас» деп ұлы Абай атамыз таңырқап тағзым еткен осы тіліміз. Келесі бөліміміз «Өлең — сөздің патшасы». Олай болса, ақын-жазушылардың білім, ғылым жөнінде өлеңдер дайындап келген балаларға берейік.

1. Абай Құнанбаевтың өлеңі «Әсемпаз болма әрнеге»;

2. Ыбырай Алтынсарин «Өнер-білім бар жұрттар»;

3. Шәкәрім Құдайбердіұлы «Сен ғылымға»;

4. Сұлтанмахмұт Торайғыров «Оқу»;

Жүргізуші: Рахмет, балалар!

Келесі бөлім «Ойлан, тап». Кітапхана сөзіне сөз құрау.

Кітап, тап, ана, тана, пана, тапа, ат, ах, апа.

Кітап. Бәрекелді, балалар! Барша әлемді ұлан-ғайыр білімімен таңқалдырған ғұламалар балалық балғын шағынан, өмірінің соңына дейін кітаппен дос болған. Мені басқа елдердегі жанашыр достарым күтіп жатыр. Енді соларға бет алмақпын.

Балалар! Ақылына ақы сұрамайтын асыл қазына — кітаппен достықтарың үзілмесін. Әрқашан жүздеріңіз жарқын болсын, жолдарыңыз даңғыл болсын! Ал, жақсы, балалар. (Кітап кетіп калады)

Жүргізуші: Қымбатты, оқушылар!

Кітап сендерді мәңгі сенімді достарың, серіктерің болсын. Кітап қадірін білетін жақсы балалар көбейе берсін. Қанша жерден заман өзгеріп, технология дамып кеткенімен, кітаптың рөлі әрқашанда биік болып қала бермек. Кітап оқиық, ағайын!

Гүлжан Мұхаметалиқызы
ҚАМБАРОВА,

«Балдәурен» РОСО филиалының
ағылшын тілі пәні мұғалімі.
Түркістан облысы.

Мен оқығанды ұнатпамын!

Мақсаты: оқушыларды білімді болуға, кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру.

Көрнекілігі: 1) кітап макетіне жазылған ертегілер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар; 2) нақыл сөздер: «Кітап – ғажап дос, сенімді сырласың», «Білім мен даналық – адам көркі».

Тәрбиеші: Армысыздар, оқушылар! Бүгінгі «Мен оқығанды ұнатпамын!» тәрбие сағатын Ахмет Байтұрсынұлының өлеңімен бастауды жөн көрдім.

Балалар, бұл жол басы даналықта,

Келіндер, оқып байқап қаралық та.

Бұл жолмен бара жатқан өзіндей көп,

Соларды көре тұра қалалық па?

Даналық – өшпес жарық, кетпес байлық,

Жүріңдер, іздеп тауып аталық та!

(Осы кезде есік ашылып, кітап бейнесін мойнына ілген оқушы кіреді)

Кітап: Бәрекелді! Мың рахмет Ахмет атамызға. Балалар, мен сіздерге үлкен қуанышпен келдім және дос болып қайтатыныма сенемін.

Тәрбиеші: Қош келдіңіз, қымбатты досымыз, Кітап, жоғары шығыңыз. Оқушылар мен бүгінгі тәрбие сағатымызды жұмбақ айтудан бастайын:

1. Көп әңгіме өлеңім,

Күнде ақыл беремін.

Жақсы көрсе мені кім,

Мен де жақсы көремін. *(Kiman)*

2. Үндемес серік, ақыл берік. *(Kiman)*

1-жүргізуші: Құрметті оқушылар, біз кездесуімізді мұндай жұмбақтармен тегін бастап тұрған жоқпыз. Бүгінгі әңгімеміздің өзі «Кітап» жайында болмақ. Кім біледі, балалар, «Кітап» деген сөзі қайдан шыққан, қандай мағына береді?

1-оқушы: Кітап – арабтың жазу деген сөзі. Кітап – рухани қазына, өмір айнасы, заман сыры, тарих шежіресі, оқу-тәрбие құралы. Алғашқы кітап жазу құпиясын тек дінбасылар мен монахтар ғана білген.

2-оқушы: Алғашқы кітап баспасы ағаштан жасалды. Ксилография қалыбы XI ғасырда пайда болды. Ал 1045 жылы Шын елінің өнерпазы Би Шен құймалы әріптерді басып шығарды. Еуропада тұңғыш рет XIV ғасырда неміс өнертапқышы Гутенберг баспа станогын жасады. Ресейде тұңғыш басылымды 1564 жылы Мәскеуде Иван Федоров пен Петр Мстиславец басып шығарды.

3-оқушы: Қазақ кітап баспасы Ресейге қосылған соң қалыптасты. Бірақ IX ғасырда жазылған «Оғыз нама», XI ғасырда Ж. Баласұғынның «Құтты білік», М. Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» кітаптары болды. 1800 жылы қазақша кітаптар шығарыла бастады.

Кітап: Ой, бәрекелді, өздерің менің тарихымды жақсы біледі екенсіңдер. Міне, осылай мен өмірге келдім. Менің атыма сай ішкі мәнім де өзгерді. Мен өзімді жазған ақын ағаларымның

көңіл-күйін, ішкі сезімін жеткіземін.

2-жүргізуші: Бірде білім нәріне кенелсең, бірде сонау сиқыршылар әлеміне сапар шегесің, бірде ұялтса, бірде мақтайды, бірде бүкіл әлем сырын алдына жайып салады. Онсыз дүние жүзі балалары мен дос та бола алмайсың, әлемге өзінді таныстыра алмайсың. «Кітапсыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ» деген осы.

Кітап: Міне, балалар, мен осындаймын. Мені оқысандар қызыққа кенелесің, тауды жарып, тасты бұзасың, бүкіл әлемге саяхат жасайсың.

1-жүргізуші: Бізде де кітап құмар балалар бар. Міне, бір топ балалар жиылып, кітап туралы өз өлеңдерің жазыпты, тыңдайық.



4-оқушы:

Мынау менің кітабым,
Сырлас достай тұтамын.
Өлең айтып қуанып,
Білім нәрін жұтамын.
Аталармен сырласам,
Ақыл айтады тындасам.
Ұшқыш кілем даяр тұр,
Әлемді егер шарласам.
«Кітап — білім бұлағы»

Деген сөзді мен ұқтым,
Биікте ол тұрады.

2-жүргізуші: Кітаптың ұлы қасиетін бағалап, алдында бас иіп, көптеген ақын-жазушы ағаларың да жазған екен, соны тыңдайық.

5-оқушы:

Кітаптар бейне жапырақ,
Жырлайтын сырын өмірдің.
Оқисың кейде жатып ап,
Көтеріп күйін көңілдің.
Кітап та алма ағашы,
Жемісін бізге беретін.
Тәтті алмаға балашы,
Кітабыңның әр бетін.

Кітап: Балалар, сендер осы менің беттерімнің қалай шығатынын білесіңдер ме?

6-оқушы: Әрине, білеміз. Кітап басып шығару үшін талай адам тер төгеді. Аялап өсірген сансыз ағаштар қағаз үшін кесіледі. Сол қағазға әріптерді қатесіз әрі көркем етіп шығару үшін көп күш жұмсалады.

Оқулықты баршаға,
Талай ғалым қолға алып,
Жылдар бойы қаншама,
Жазды ұзақ толғанып.
Әдемілеп берсем деп,
Бояу жағып не түрлі.

Суретшілер көркемдеп,
Қанша уақыт отырды.

7-оқушы:

Әріп теру үшін де,
Талай адам терледі.
Баспахана ішінде,
Айлап тыным көрмеді.
Оқулықты мектебің,
Берер саған теп-тегін.
Білмейсің-ау сен бірақ.

Қанша еңбек еткенін?!

8-оқушы:

Саған білім жемісін,
Оқулығың береді.
Талай адам сол үшін,
Маңдай терін төгеді.
Орманшының аялы,
Алақаны өсірген.
Сансыз ағаш саялы,
Қағаз үшін кесілген.

9-оқушы:

Адамның досы кітап, өмір
кілті.

Тең келмес оған жиған мүлкі.

Ақылшы, жанға серік, жол бастау-
шы,

Асыл ой қазынасы, өмір көркі.

Тәрбиеші:

Кітабың — сенің құралың,
Жағар білім шырағың.
Баса алмайсың ешқашан,
Онсыз алға бір адым.
Кітабыңды құрметте,
Күтіп ұста, кірлетпе.
Кішілерге табыс ет,
Дақ түсірмей бір бетке, - деп Несіп-



бек Айтов ағаларың айтқандай, мен
сіздерді көп оқуға шақырамын. Ал біз
сіздермен қоштасып, тәрбие сағаты-
мызды жабық деп жариялаймыз. Ке-
лесі кездескенше сау болыңыздар.

**Меруерт Орынғалиқызы
НҰРҒАЛИЕВА,
М. Өтемісұлы атындағы облыстық
сауықтыру
мектеп-интернатының тәрбиешісі.
Орал қаласы,
Батыс Қазақстан облысы.**

Тапқыр достар

Мақсаты: оқушылардың ана тілі пә-
нінен білетін сөздіктерін есте сақтату.
Дүниетанымдарын кеңейту. Есте сақ-
тау қабілеттерін арттыру.

Көрнекілігі: алтын, күміс, тас қақпа-
лар және алтын сандық.

Жүру барысы:

1. Кіріспе сөз. «Тапқыр достар» ойы-

нын ойнаймыз. Бұл ойынды теледи-
дардан көріп те жүрген шығарсындар.
Білімді болу үшін көп оқып, теледидар-
дан интеллектуалды 21-ғасыр көшбас-
шысы, «Алтын сақа», «Тапқыр достар»,
т.б. қазақ тіліндегі көп ойындарды көру
керек. Ендеше осы ойынның жүлдегері
болуларына сәттілік тілеймін.

Ойын шарты: Ойынға қатысушылар тыныштық сақтап, сыбырласпайды. Ойыншыларға жалпы сұрақ қоямын, оны тапқан ойыншы қақпадағы құлыпты ашады. Сол ойыншы ортаға шығып біреуін таңдайды. Жауабын таба алса, келесі күміс қақпаға өте алады. Ойыншы әр қақпаға байланысты сұраққа жауап берсе, алтын қақпаның ішіндегі сандықтың сұрағына да жауап бере алса, тиісті сыйлығын алады. Егер әрі қарай қақпаны ашпаймын десе, тиісті сыйлығын алып, ойынды жалғастырмай-ақ қоюына болады. Ең сыйлы сыйлық «Алтын қақпадағы» сандықтың ішінде, оның сұрағы да қиындау болады.

Сонымен ойынды бастайық.

Құлыптың сұрағы:

Көтеріліп теңізден,

Аспанға биік барамын.

Биіктен қайта түскенде,

Өңі кірер даланың. (Жаңбыр)

Тас қақпа сұрағы:

№1 Қазына деген не? (Дүние-мүлік, жиһаз, бағалы заттар, байлық)

№2 Қырат деген не? (Биіктеу дөңес жер)

№3 Өлке деген не? (Аймақ, өңір, дала)

Күміс қақпа сұрағы:

№1 Зиян деген не? (Залал, пайдасы жоқ)

№2 Арасан деген не? (Минералды жылы су)

№3 Мұздық деген не? (Жылжымалы мұз шоғыры)

Алтын қақпа сұрағы:

№1 Қазақстан жер көлемі жөнінен

дүние жүзі елдерінің ішінде нешінші орын алады? (9 орын)

№2 Жыра қайдан пайда болады? (Судың жер бетін жырып, тілімдеуінен пайда болады)

№3 Жанғыш пайдалы қазбаларды ата. (Тас көмір, мұнай, газ)

Сандық сұрақтары:

№1 Жасақ деген не? (Әскер)

№2 Байлам деген не? (Шешім, тоқтам)

№3 Қорық деген не? (Ерекше қорғауға алынған аймақ)

2. Құлып сұрақтары:

Көзге көрінбейді,

Қолға ілінбейді. (Жел)

Тас қақпаның сұрағы:

№1 Түк деген не? (Жануардың денесіндегі майда жүн)

№2 Суат деген не? (Өзеннің мал суаратын жері)

№3 Үңгір деген не? (Жер қыртысындағы қуыстар)

Күміс қақпаның сұрағы:

№1 Шәркей деген не? (Киізден тігілген аяқ киім)

№2 Дала деген не? (Ормансыз жазық алқап)

№3 Шөл деген не? (Суға тапшы аймақ)

Алтын қақпа сұрағы:

№1 Кенге жатпайтын пайдалы қазбаларды ата. (Тұз, фосфорит, асбест)

№2 Құрылыс материалдар тобын ата. (Гранит, құмтас, әктас, ұлутас, саз, құм)

№3 Шалғында мал жемейтін улы өсімдіктерді ата. (Уқорғасын, сарғалдақ)

Сандық сұрақтары:

№1 Ауа қалай ластанады? (Адамның іс-әрекеті арқылы)

№2 Тұңғыш қазақ ғарышкері. (Тоқтар Әубәкіров, 1991 ж. ұшты)

№3 Қабанбай батыр кімдермен соғысты? (Жоңғарлармен)

3. Құлып сұрағы:

Бір түкті кілем,

Бір түксіз кілем. (Жер мен аспан)

Тас қақпа сұрағы:

№1 Үй жануарларын атап, пайда-сын айт.

№2 Шөл жануарларын ата. (Қаракұйрық, ақбөкен)

№3 Нар деген не? (Жалғыз өркешті түйе)

Күміс қақпа сұрағы:

№1 Мұнай деген не? (Майлы, сұйық зат. Ол жанғанда қызуды көп береді, түгел жанып кетеді)

№2 Мал терісінен қандай бұйым жасалады? (Тон, торсық)

№3 Күйлі деген не? (Семіз, қомды)

Алтын қақпа сұрағы:

№1 Орман құстарын ата. (Тоқылдақ, шымшық, көкқарға, жапалақ)

№2 Қазақстан Республикасы қай материкте орналасқан? (Евразия)

№3 Шаруа қожалығы деген не? (Ауылдық жерлердегі еңбек бірлестігі)

Сандық сұрақтары:

№1 Қазақстандағы ірі өзендерді ата. (Жайық, Іле, Ертіс, Сырдария, Есіл, Нұра)

№2 Түсті металдарды ата? (Мыс, қорғасын, мырыш, алюминий)

№3 Қабанбай батырдың шын аты кім? (Ерасыл)

4. Құлып сұрағы:

Қанатты бір тышқан,

Жасырынып күндіз,

Қараңғыда ұшқан. (Жапалақ)

Тас қақпа сұрағы:

№1 Мұрат деген не? (Алға қойған арман)

№2 Гүлзар деген не? (Екі жағына ағаш отырғызылып жасалған жол)

№3 Ділдә деген не? (Алтын ақша)

Күміс қақпа сұрағы:

№1 Байқоңыр деген не? (Ғарыш әлеміне сапар шегетін жер)

№2 Арабтың «кітап» деген сөзі нені білдіреді? (Жазба, жазу)

№3 Жігіттің неше жұрты бар? (Өз жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты)

Алтын қақпа сұрағы:

№1 Бөле деген кім? (Апалы-сіңлілі қыздардан туған бала)

№2 Нағашы деген кім? (Өз шешенің төркін жұрты)

№3 Әскер деген кім? (18-ге толған дені сау жігіт)

Сандық сұрағы:

№1 Қызыл кітапқа енген жануарларды ата. (Аққу, құндыз, бірқазан, жұпар тышқан)

№2 Тіршілігі сумен байланысты жануарларды ата. (Суаршын, сүнгүір қоныз, құндыз, т.б.)

№3 Тәулік деген не? (Жердің өз осінен бір рет айналып шығуы)

5. Құлып сұрағы:

Құрғақ жерде сақтайсың,

Менсіз тамақ татпайсың. (Ас тұзы)

Тас қақпа сұрағы:

№1 Ауылға қажетті мамандықты ата. (Сауыншы, малшы)

№2 Қосмекенділер деген не?

№3 Шырша деген не?

Күміс қақпа сұрағы:

№1 Ауа деген не? (Түрлі газдың қосындысы)

№2 Кен орындары деген не? (Пайдалы қазбалардың шоғырлануы)

№3 Алпауыт деген не? (Зор денелі, қара күштің иесі)

Алтын қақпа сұрағы:

№1 Демократия деген не? (Халық билігі)

№2 Тәуелсіздік деген не? (Өзін дербес мемлекет деп санау)

№3 ҚР Конституциясы қашан қабылданды? (1995 ж. 30 тамыз)

Сандық сұрағы:

№1 Жеңіс күні қашан?

№2 Ұлы Отан соғысына қатысқан Боранқұл ауылының ардагерлерін ата.

№3 Халық қаһарманы атағын алған аға, апаларды ата?

Жеңімпаздарды марапаттап, сайысты қорытындылау.

**Ардақ Жексембаевна ДОДОБАСОВА,
Шатырбай орта мектебінің қазақ тілі
мен әдебиеті пәні мұғалімі.
Шатырбай ауылы,
Сарқан ауданы,
Алматы облысы.**

Жолда жүру ережесін сақтаймыз



**Айман СМАГУЛОВА,
«№12 Жалпы білім
беретін орта мектеп»
КММ бастауыш сынып
мұғалімі.
Қарағанды қаласы,
Қарағанды облысы.**

Сабақтың мақсаты:

1. Оқушыларды жолда жүру ережесімен таныстыру;
2. Жол қауіпсіздігін есте сақтауға, білуге жол ережесінің белгілерімен таныстыру;
3. Оқушыларды көшеде дұрыс жүріп, жол ережесін сақтауға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Бағдаршам, жол белгілері салынған суреттер, интерактивті тақта, жол ережесіне арналған кітаптар.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Кіріспе: «Жол травматизмінің алдын алу» атты тәрбие сағатын бастағалы отырмыз. Жол заңы дұрыс жүріп, абай болуды талап етеді. Жол тәртібін бұзба, ол қатер тудырады. Жолдың қалыпты қозғалысы көбінесе балалардың жол бойында қалай болса солай жүріп, доп қуалайтыны, шаңғы тебетіні, жүріп бара жатқан машинаға жабысатыны, қалтарыстан жолға шығып келетін салдарынан бұзылады. Жол тәртібін бұзғандықтан кейбіреулер машина дөңгелегіне ілініп қаза тауып, кейбіреулері жарақат алады. Ал кейбіреулері өмірлік мүгедек болып қалады.

Сондықтан әрбір оқушы мектепте оқылатын «Жолда жүру ережесі» та-

қырыбындағы сабақты мұқият тыңдап, әр сабақтан қорытынды жасап отыруға міндетті. Үлгілі, тәртіпті оқушы көшеде, жолда жүру ережесін, заңын бұзбайды.

Сонымен қандай бала жол ережесін бұзбайды?

Балалар: Үлгілі, тәртіпті бала.

Мұғалім: Ал енді «Жолда жүру ережесін сақтаймыз!» атты тәрбие сағатымызды ашық деп жариялаймын.

II. Негізгі бөлім: Тақтадағы жұмбақтарды шешу:

Жұмбақтар

1. Ала таяқ ұстаған,
2. Көше бойлап аяңдайды,
Жол тәртібін нұсқаған.
Адам тасып аялайды. (**Автобус**)
Өмірінді күзеткен,

Ысқырықпен түзеткен. (**Жол полициясы**)

3. Көліктің қаншасын үстінен өткізген,

Іргеден басталып, алысқа жеткізген. (**Жол**)

4. Жоқ өзінде бас та, ауызда да, құлақ та,

Бақырайған үш көзі бар бірақ та. (**Бағдаршам**)

5. Арқаным бар тым ұзын,
Ала-алмайсың бір үзім.
Табыңдаршы, балалар,
Бұл жұмбақтың шешуін. (**Жол**)

6. Өзі сөйлей білмейді,
Бірақ «Токта, жүр!» дейді. (**Бағдаршам**)

Мұғалім: Бағдаршам өмірімізді жазымнан сақтандыратын көмекшіміз. Оның сырын біліп, тіліп алу барша-мызға керек.

1. Неге? Біздің қаламызда, сол сияқты біздің еліміздің қала, ауылдарына бәріне ортақ көше қатынас ережесі енгізілген. Бұл ережені оқушылар да, үлкендер де, яғни барлық жүргізушілер, көлік жүргізетін жүргізушілер де бұлжытпай орындауы керек;

2. Балалар, сендер көшеде жүру ережесін білесіңдер ме екен, көрейік. Мынадай сұрақтарға жауап беріңдерші;

3. Жиек жол деген не? Адамдар жаяу жүретін көше жиегіндегі тар жол;

4. Жаяу адамға қай жермен жүруге болмайды? Көлік жүретін көшенің ортасымен жүруге рұқсат етілмейді.

Тақтада. Қызыл — Токта! Сары — Сақтан! Жасыл — Жол ашық! Оқушылар бағдаршам сигналдарын қолдарына ұстап, кезегі келгенде көрсетіп тұрады.

«Бағдаршам»

1. Көшеде біз сақ болайық,
Қаймықпасын ата-ана.
Жолда сен бол лайық,
Жас ұлан деген атқа.

2. Жолда жүру әліппесін
Білген жөн бес саусақтай.
Сонда ғана жүре аласың.
Сен өзінді сау сақтап.

Сахналық көрініс: «Маймақ аюдың достары»

Инспектор:

Медбике апамыз бәрімізді емдейді,
Ауырса адамды, анды да емдейді.
Отырған мынау Медбике апаға
Айтыңдаршы, кане кімдер келмейді?

(Осы кезде басын ақ шүберекпен таңған, сыртынан қан шып-шып

шыққан аю өкіріп келе жатады)

Инспектор:

Апа, қараңыз мына сұмдықты,

Маймақты кім қың-жылтты?

Мед.бике:

Маймағым, не болған өзіңе,
Көкпенбек ісінген бас-көзінде?

Аю: Айтайын мен жасырмай шы-
нымды-ай,

Сақтап қал, апа жанымды шыбын-дай.

Жармасып бал тасыр машина үстіне
Домалап түсіп шынғырдым құлын-дай.

Мед.бике:

Бір асар тәтті бал үшін,
Тәртіпті бұздың қарынның қамы үшін.

Міне, енді еңіреп тұрғаның ұят-ақ,
Тәртіп керек, біліп ал, жан үшін!

Аю: Медбике апа, инспектор жол-
дас, енді тәртіпті бұзбаймын. Кешірі-
ңіздер мені! **Мұғалім:** Бағдаршам жоқ
көшелерден қалай өтеміз?

Егер өтетін жерде бағдаршам бол-
маса көшеден өте бере әуелі сол жақ-
қа қараймыз. Көшенің орта тұсына
жеткенде, оң жағымызға көз саламыз.
Егер ол жақтан машина келе жатса,
өтіп кеткенше, сол орында күте тұ-
рамыз. Ендеше, мына жолдармен бағ-
даршамсыз, бағдаршам барда қалай
жүретінімізді көрейік. Оқушы қалай
өтетінін көр сетеді.

1-оқушы:

Төрт топтан құралған,
Белгілер туыстай.



Жол сілтеп тұрады.
У-шусыз ұрыспай.

Сақтандыру, ескерту белгісі

Қып-қызыл үшбұрыш,
Қауіптен сақ бол деп сәт-сапар жол-
даған.

Аман-сау жүреді жаяу да, көлік те,
Мен берген белгіні сақтаған, қолда-
ған.

Тыйым салу белгісі

Қызылмен боялған, шеңбермін ау-
мақты,
Тыйымшыл белгімін, қаталмын
салмақты.

Мен тұрған жерлерде хақың жоқ
жүруге,

Қауіп бар, бағдарла көз салып жан-
жақты.

Мұғалім: Балалар, біз әр белгінің не
мақсатта қолданылатынын білдік.

Қорытындылау.

Мұғалім: Балалар, бүгінгі сабақты
қорыта келе «Жас дәуірдің балалары»
әнін айтайық. Деніміз сау, еліміз ты-
ныш, жол тәртібін сақтап, аман-есен
жүрелік. Қорыта келе:

Ирек-ирек көшелер,
Көше деген мың ирек.
Қиындыққа әйтсе де,
Үйренесің біртіндеп.
Барар жерге асықпа,
Бәйге алмайсың бұрын кеп.

Құстар – біздің досымыз

Мақсаты: құстардың адам өміріндегі пайдасы туралы мағлұмат беру. Құстарды аялап күтуге, табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Құстар туралы білімдерін кеңейту.

(Слайдпен тақырыпты көрсету)

1-жүргізуші:

Дала гүлге бөленді,
Қуанышқа кенелді.
Орман, тоғай бақтарда,
Құстар сайрай жөнелді.

2-жүргізуші:

Өйткені бұл көктем ғой,
Шұғыласын төккен ғой.
Құстардың бәрі,
Әнші болып кеткен ғой.

1-жүргізуші: Көк құрақ – көлдің сәулеті, құс пен аң елдің дәулеті – дегендей хайуанаттар ішіндегі ең сұлуы, ең сымбаттысы – құстар. Табиғатта да, адам өмірінде де құстардың мәні зор. Құстар әуезді әсем дауыспен, сымбатты да сұлу, алуан түрлі сыртқы көрінісімен табиғаттың сәнін келтіру арқылы адамды ләззатқа бөлейді.

(Слайдпен құстардың суреттерін көріп, дыбыстарын тыңдау)

2-жүргізуші: Иә, бұл мереке табиғаттың қысқы ұйқыдан оянуын танытатын көктем хабаршысы. Ал, балалар сендер білесіңдер ме? Құстарды зерттейтін ғылым саласы – орнитология. Жер бетінде 8600-ге жуық құстардың түрі бар. Біздің Қазақстанда 500-ге жуық құстардың түрлері бар. Қызыл

кітапқа енгені – 56 түрі. *(Слайдтан сайыс кезеңдерін ашу)*

1-жүргізуші: Ал осы қанатты достарымыздың, яғни әр құстың тыныс тіршілігімен, табиғаттағы орнымен адам өміріндегі пайдасы туралы бүгінгі сайысымыз барысында әңгімелеп, жұмбақ шешіп, ойын ойнаймыз.

2-жүргізуші: Олай болса, бүгінгі тәрбие сағатымызды екі топ арасында сайыс түрінде өткіземіз.

1-жүргізуші: Сайыс сабағымыз әділ өту үшін әділқазылар алқасын сайлап алайық. Сайыс 7 бөлімнен тұрады.

1. Таныстыру. (Төсбелгімен)
2. Сұрақ – жауап. (10 сұрақ)
3. Кімнің ойы ұшқыр? (Топ басшылары)
4. Мәнерлеп оқу. (Құстар тақырыбына)
5. Кім көп біледі? (Жұмбақ шешу)
6. Көрініс.
7. Топтық жұмыс. (Құстардың пайдасы, зияны)

1-бөлім: Таныстыру.

2-жүргізуші: «Аққу» тобы өздерін таныстырып өтсін.

«Көгершін» тобы өздерін таныстырсын.

1-жүргізуші: Нұржас, ең кішкентай құс, қандай құс екенін білесің бе?

2-жүргізуші: Таптым, колибри болар.

1-жүргізуші: Дұрыс, ал оның ұзындығы қандай?

2-жүргізуші: Кішкентай болар

1-жүргізуші: Ұзындығы 5 см ғана, енді білетін боласың. Құстар туралы балалар не біледі? Ол үшін сайысымыздың 2-бөліміне көшелік.

2-бөлім: Сұрақ-жауап

1-жүргізуші: 1-топқа:

1. Адам қай құсты аң аулауға пайдаланған?

2. Қандай құс хат тасушы атанған?

3. Топ балықты бірден асайтын қай құс?

4. Қандай құс мүлде ұя салмайды?

5. Үй маңына жақын құстар?

6. Қазақта қай құсты киелі дейді?

7. Орман емшісі?

8. Қайырымды достар: арқар, суыр,

...

9. Шағала, үйрек қандай құстар тобына жатады?

10. Әтеш қалай дыбыстайды?

2-жүргізуші: 2-топқа:

1. Орманның әнші құсы?

2. Ең үлкен құс қалай аталады?

3. Тауық, қаз, қораз бір атаумен ата?

4. Түнде жақсы көретін құс?

5. Ұя жасау үшін өткір тұмсықты құс?

6. Құстың негізгі мекені?

7. ҚР Туында қандай құс?

8. Күн көзіне тура қарайтын құс?

9. Ең ұзақ жасайтын құс?

10. Иісі қандай жақсы — көкірегінді ашады, суы қандай тәтті..... мәтіндегі құс?

1-жүргізуші: Көктем мезгілі, күн жылы, құстарға тамақ көп. Алуан түрлі өсімдіктің дәнімен, жидекпен қоректенеді. Тойынған құстар түрлі дыбыс шығарып, ән салады емес пе?

2-жүргізуші: Дұрыс айтасың. Торғай

шырылдайды, сұңқар сұңқылдайды.

1-жүргізуші: Нұржас, балалар құстардың дыбысын ажырата ала ма қалай ойлайсың?

2-жүргізуші: Әрине, біледі.

- Олай болса, келесі бөлім «Құстар қалай дыбыстайды?»

3-бөлім: «Кімнің ойы ұшқыр?» (Топ басшыларына)

Сауысқан шырылдайды

Қарға -----

Тоқылдақ -----

Тауық -----

Бұлбұл -----

Әтеш -----

Шағала -----

Қаз -----

1-жүргізуші: Осы құстар жөнінде жыр жазған ақын көп болар.

2-жүргізуші: Әрине, көп.

1-жүргізуші: Олай болса, сайысымыздың 4-бөліміне де жеттік.

4-бөлім: «Мәнерлеп оқу»

2-жүргізуші: «Көгершін» тобы мен «Аққу» тобының құстар тақырыбында өлең оқуын тыңдалық. «Аққу» тобы Сәкен Иманасовтың «Бөдене» өлеңін, «Көгершін» тобы Шона Смаханұлының «Бөдене мен тоқылдақ» өлеңін оқиды.

1-жүргізуші: Келесі кезекті жұмбаққа берелік.

5-бөлім: Жұмбақ шешу.

1-жүргізуші: Әр топқа 10 жұмбақ жасыру.

2-жүргізуші: Қазақ халқы кейде айтайын деген ойына, сөзіне теңеу сөздер қолданады емес пе? Міне құстарды да сол теңеу сөзге қосқан: тауықтай шоқысқан, тотыдай таранған, бұлбұл-

дай сайраған, қаз дауысты деп жатады.

1-жүргізуші: Иә, бүркіт тұмсықты, қырандай қырағы, үкінің көзіндей құстар барлық жерде де айтылады екен. Сол құстардың тіршілігінің бір бөлігін тамашалайық.

6-бөлім: «Көгершін» тобы - «Құстар қалай қыстайды?». «Аққу» тобы - «Көктем сәні» көрінісін көрсетеді.

7-бөлім: Топтық жұмыс. «Дебат» ойыны.

«Құстардың пайдасы» және «Құстардың зияны» тақырыбын қорғау.

1-топ: Құстардың пайдасы. 2-топ: Құстардың зияны.

2-жүргізуші: Осымен сайыс өз мәресіне жетті. Қай топ озық шыққанын анықтау үшін әділқазылар анықтағанша «Бұл қызық» айдары бойынша экранға көңіл аударайық.

1. Қанатын кең жаятын құс?

(Мұхитта тіршілік ететін альбатростың құлашы кең болады. Оның қанат-

тары ұзын әрі жұқа болады бір ұшынан екінші ұшына дейін 3 метр)

1-жүргізуші: Ұсақ тастармен қоректенетін құстар?

(Кейбір үй құстары ұсақ тастарды жұтып жібереді, жеген дәндерін тез қорытуға жақсы),
т.б.

2-жүргізуші: Жеңімпаз топ анықталып, марапатталады.

1-жүргізуші: Тамылжыған тамаша табиғаттың көрікті көктемінде құстар әні толастамасын!

2-жүргізуші: Бейбіт аспанда қалықтандар, шаттана шарықтандар, қанатты достар!

Гүлмира Бірлікқызы ШӘДІБАЕВА,
«Дарын» гимназиясының бастауыш
сынып мұғалімі.
Ақтау қаласы,
Маңғыстау облысы.

Bey, Aqtobe

Осындай аттпен «Астана» саябағында ауқымды әдеби-танымдық іс шара өтті. Ақтөбе қаласының тарихы 1869 жылдың 28 мамырында басталған. Бұл күні «Ақ төбе» деп аталған әскери бекінісінің негізі қаланған. 1999 жылдың наурызында өзінің «Ақтөбе» деген тарихи атауына ие болған қала советтік кезеңде Актюбинск деп аталды. Бүгінгі Ақтөбе — өнеркәсібі, кәсіпкерлік және қаржылық құрылымдары, құры-

лысы, оның ішінде тұрғын үй құрылысы дамыған, сондай-ақ қолайлы коммуникациялары бар қазіргі заманға сай. Қазіргі таңда химия, тамақ және жеңіл өнеркәсібі дамыған қала. Кешіміздің құрметті қонағы журналист, жазушылар одағының мүшесі, аудармашы, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Мәдениет саласының үздігі», сазгер, ақын, қоғам қайраткері, жыл адамы



Аймаханова Гүлсамал Төрединқызы жаңа туындысы «Ақтөбе» жырымен кешті ашып берді. Аймаханова Гүлсамал Төрединқызының сөзіне жазылған «Айналдым, Ақтөбем» жырына 25 жыл толып отыр екен, осы әнді №23 Ә. Ермеков атындағы орта мектеп лекцейінің музыка пәнінің ұстазы Лариса Тұрғалиқызының орындауымен жалғасты. Шарамызды әсем әндер, мың бұралған билер көркемдеп жіберді. Серіктес №33, №23, №28 және №68 Жұмабек Тәшенов атындағы орта мектептердің оқушылары, жетекшілерімен бірге өнерлерін көрсетті. Сонымен бірге «Теремок», «Алдар көсе», «Менің атым — Қожа» тағы да басқа сахналық қойлымдар әдемі көрінісін тапты. «Шағала» би тобының орындауында «Гүлдерай» биі, «Тұмар» би

тобы, дыбысы оның мың сырлы сазсырнай аспабымен «Әриайдай» әні, «Ақтөбе-думан» әні, «Туған қалам» әндері шырқалды. Мұқағали Мақатаевтың және тағы да басқа ақындардың өлендері оқылды. Қаламыздың мерейтойына арналған кешімізде Қалалық мәдениет үйлері, қалалық орталықтандырылған кітапханалары өз




өнерлерімен, белсенділіктерін көрсете білді.

Ақтөбе — Ару қалам, неткен көркем!
Ақ төбенің басында еткен мекен.
Ақтөбем — ару қалам, әсем қалам,
Өзге жер жоқ сұлулықта сенен асқан! — деген, өлең жолдары тыңдалды.

Ақжібек Шындәулетқызы
КЕНШІНБАЕВА,
№5 Самуил Яковлевич Маршак
атындағы қалалық балалар
кітапханасының меңгерушісі.
Ақтөбе қаласы.

Әдемі әдебиет әлемі

Қазақ халқы рухани зор байлықтың мұрагері. Ғасырдан ғасырға мұра болып келе жатқан төл тарихымыз, мәңгілік мұрамыз бен мұратымыз — қолда бар алтын жәдігерлеріміз. Мектеп қабырғасында соларды насихаттап жатқан іс-шараларда иманды-



лықтың, адамгершіліктің, парасаттылықтың негізі жатыр. «Үш құндылық һәм үш қуаттылық»! Құлақтың құрышын қандыратын осы тақырыптың аясында жуырда ғана Д. Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясында түрлі шаралар өтті. Осы онкүндіктің аясында мектеп кітапханасының оқу медиа залында кітап патшалығына саяхаттау арқылы оқырмандарды әсемдікке бағыттап, халқымыздың ұлттық мәдени құндылықтарын дәріптеп, күнделікті танымдық қоржындарын қомақтандыру мақсатында 4-сынып оқушыларының қатысуымен «Әдемі әдебиет әлемі» атты телекөпір ұйымдастырылды. Алдын ала әзірленген сюжеттен жаңалықтардың «Кеше және бүгін» атты айдарынан шара барысында өтетін

кезеңдері көрсетіліп, тележүргізушілікке қызығушылық танытатын оқушылар телекөпірдің тізгінін ұстады.

Шара барысында оқырмандар «Оқуға құштар мектеп — оқуға құштар ұлт», «Оқуға тиіс 100 кітап» жобалары, «Бір ел — бір кітап» акциясы аясында өз сүйікті ақын-жазушыларының шығармаларын жатқа оқып, әдемі ертегі әлеміне саяхат жасап, «Сұхбат алаңы» айдарында өзге ұлт өкілдері таза қазақ тілінде сұхбат беріп, қазақтың салт-дәстүрлерін жатқа айтып, ұлттық құндылықтың маңызын түсіндіріп көрермендерді таң қалдырды.

«Баланы жастан» демекші, жас оқырмандардың санасына халқымыздың тәрбие негізі, асыл қазынасы — салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын дұрыс жеткізе білсек, ертеңгі күні олардан ұлтжанды қазақ азаматы мен азаматшалары шығатынына кәміл сенуге болады. Үш құндылығымыз һәм үш қуаттылығымыз аласармай, өз ана тілімізге, ұлттық құндылықтарымызға деген құрметіміз өшпесін! Біздің қоғам үшін ұлттық құндылықтардың ұрпақ санасында қалып, олардың дәріптелуі өте маңызды.

**Гүлдана Мұратқызы
ҚУАНЫШ,**

**«Д. Қонаев атындағы жалпы білім
беретін орта мектеп-гимназиясы»**

**КММ кітапханашы
Ақтөбе қаласы,
Ақтөбе облысы.**